

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы.....	2	Пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан	5
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары	8	Нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан	16
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 1 Нормативтік қаулысы Жалған кәсіпкерлік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері жөнінде (2016.07.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).....	57	Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 12 января 2009 года № 1 О некоторых вопросах применения законодательства о лжепредпринимательстве (с изменениями и дополнениями по состоянию на 7.07.2016 г.....	64
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 2 Нормативтік қаулысы Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың кейбір мәселелері туралы (2016.7.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)	71	Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 18 июня 2004 года № 2 О некоторых вопросах квалификации уголовных правонарушений в сфере экономической деятельности (с изменениями и дополнениями по состоянию на 7.07.2016 г.).....	77
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары	84	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан	84
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасының қаулылары	94	Постановления специализированной судебной коллегии Верховного Суда Республики Казахстан	94
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары	98	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан	98

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

2016 жылғы 7 шілдеде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Қайрат Мәмидің төрағалық етуімен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кезекті жалпы отырысы өтті.

Жалпы отырыстың жұмысына Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары, ғылыми-консультативтік кеңестің мүшелері, Конституциялық Кеңестің, Бас прокуратураның, Әділет министрлігі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюроның өкілдері қатысты.

Жалпы отырыстың күн тәртібінде «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы», «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» және «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» нормативтік қаулыларының жобалары қаралды.

Отырыста сөз алған Жоғарғы Соттың судьясы Дүйсен Тұмабеков «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулының жобасына тоқталып, оның маңыздылығын алға тартты. Нақты айтқанда, заңсыз немесе теріс пиғылмен жасалған мәміле оны сот жарамсыз деп танығанша, жарамды болып табылатындығын, бір де бір тарап оның жарамсыз деп танылуына мүдделі болмаған жағдайда азаматтардың құқықтары мен мүдделерінің, ал жекелеген жағдайларда – мемлекеттік мүдделердің қорғалуын қамтамасыз етудің тиімділігіне елеулі қауіптің туындауына ықпал етеді.

Судьяның пікірінше осы көтерілген мәселелер заңнамада нақты көрсетілмеген, яғни жарамсыз мәмілелердің мәніссіз және дауланатын мәмілелерге нормативтік тұрғыдан бөлінбеуі салдарынан туындап отыр. Мәмілені жарамсыз деп тану жөніндегі сот рәсімінің елеулі түрде анық болмауы құқық қолдану практикасында қиындық туғызады.

Судьяның көзқарасы бойынша мәмілелер жарамсыздығынан туындайтын салдарлар күрделі мәселеге айналып отыр. Нақты айтқанда, мәмілені жарамсыз деп тануы оның жарамсыздығына байланысты емес заңдық салдарларды қоспағанда, қандай да бір заңдық салдарларға әкеп соқпайды және егер АҚ-де, заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе немесе мәміленің мәнінен немесе мазмұнынан өзгеше туындамаса, жасалған сәттен бастап жарамсыз болып танылатыны заңда көрсетілген. Жалпы қағида бойынша мәміленің жарамсыздығы кезінде тараптың әрқайсысы басқасына мәміле бойынша барлық алғанды қайтаруға міндетті, яғни екі жақты реституция түріндегі салдар туындайды (АҚ-нің 157-бабы). Заңның осы

нормасын практикада қолданған кезде талап қоюда тиісті талап болмаған кезде сот жауапкерді ол мәміле бойынша алғанын қайтаруға міндеттеуге тиіс пе деген сұрақ туындайды.

«Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты нормативтік қаулысының 19-тармағында сот талап қою арызын қанағаттандырған кезде сот шешімінің қарар бөлігінде құқықтың болуын, сонымен бірге мұндай танудың әкеп соғатын құқықтық салдарларын көрсету міндеттілігі айқындалған, өйткені мәмілелердің жарамсыздығын қолдану даулы құқық қатынастардың неғұрлым толық шешілуін қамтамасыз етеді. АҚ-нің 157-бабының 8-тармағына сәйкес сот жарамсыз деп таныған бірінші мәміле ол жасалған сәттен бастап жарамсыз деп саналады және ол үшін жасалған заңдық салдарларға, оның ішінде осы мәміле бойынша меншік иесі атауының иеленушіге ауысуына әкеп соқпайды. Тиісінше, оның осы мүлікке билік етуге, яғни мүліктің заңдық тағдырын шешуге құқығы жоқ. Осылайша, жарамсыз мәміле бойынша алынған мүлікпен жасалатын барлық кейінгі мәмілелерді мүліктің меншік иесі болып табылмайтын адамдар жасайды, яғни бұл мәмілелер заңнаманың талаптарына сай келмейтіндер ретінде мәніссіз болып табылады. Сондықтан өзін меншік иесі деп санайтын адамның құқықтары мен мүдделері АҚ-нің 157-бабында көзделген тиісті реституция құқық тетігін қолдана отырып, қорғалуға жатпайды. Мұндай жағдайда АҚ-нің 260-бабының нормалары қолданылуға тиіс, оларға сәйкес меншік иесі виндикациялық талап қою арқылы өз мүлкін бөтеннің заңсыз иеленуінен талап етуге құқылы. Мұндай тәсіл АҚ-нің 268-бабы 3-тармағының нормаларынан туындайды, олардың мәні мен мазмұнында екі жақты реституцияны, егер өзге салдарлар осы Кодексте көзделмеген жағдайда ғана қолдану мүмкін екендігі көрсетілген. Талқылауға ұсынылған нормативтік қаулының жобасы қалыптасқан сот практикасын негізге ала отырып, осы санаттағы істерге жасалған жан-жақты талдау мен қорытудың нәтижелері бойынша әзірленген. Нормативтік қаулы ең алдымен қордаланған мәселелерді, қолданыстағы заңнаманың әртүрлі деңгейде қабылдауын жоюға, сондай-ақ сот төрелігінің әділдік қағидатын сақтай отырып процестің барлық қатысушыларын сотпен қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жоғарғы Соттың судьясы Әбдірашид Жүкенов «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» нормативтік қаулының жобасымен таныстыра келе, 2015 жылдан бастап жаңа Қылмыстық процестік кодекстің қолданысқа енгізілуіне байланысты нормативтік қаулының қабылдануы уақтылы әрі аса қажетті болып табылатындығын атап өтті. Бұрын қолданыста болған сотқа дейінгі жедел тергеп-тексеруді жетілдірумен қатар қылмыстық процеске кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісімнің жеке институты енгізілді.

Нормативтік қаулы кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасуға жүгінетін субъектілер бойынша түсіндірме береді, келісім жасасудың

тетіктерін бекітеді. Жобада келісімдік тәртіппен іс жүргізуде ҚК-нің 67-бабын қолдануға жол бермеу туралы түсіндірілген және тараптардың татуласуына байланысты ҚК-нің 68-бабын қолданудың тәртібі, келісімдік тәртіппен іс жүргізуде қылмыстық іс бойынша азаматтық талап қоюды шешу мәселелері, келісімдік тәртіпте іс жүргізу қорытындылары бойынша шығарылған сот үкіміне шағым жасау қағидалары және апелляциялық сатыдағы сот отырысында кінәні мойындау туралы келісім жасасудың ерекшеліктері регламенттелген.

Жоғарғы Соттың судьясы Өмірсерік Қожабаев өз сөзінде жалған кәсіпкерлік туралы нормативтік қаулыға тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу қажеттілігіне тоқталып, жалған кәсіпорындар жазадан бұлтартпау қағидасын орындамай, сондай-ақ олардың жосықсыз контрагенттерінің мемлекетке ондаған миллиард теңге көлемінде шығын келтіріп, олардың өтелмей жатқандығымен байланыстырды. Екінші жағынан, жалған кәсіпорындармен жарамды мәмілелер жасасқан контрагенттер өздерінің адалдығын дәлелдей алмауда, өйткені жалған кәсіпорынға қатысты үкім олардың мүліктік жауаптылығын алдын ала шешеді.

2004 жылы «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы қабылданған уақыттан бастап қоғамдық қатынастардың дамуына байланысты экономикалық қылмыстар туралы қылмыстық заңнаманың нормалары бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Жобада қылмыстардың саралаушы белгілерінің түсіндірмелерін ауыстыру Қылмыстық кодекстің тиісті баптарының диспозициялары мен өзге де заңдардың сілтемелік нормаларының өзгеруіне байланысты болып отыр. Жобада қылмыстың бір түрін екіншісінен ажыратудың қағидалары неғұрлым нақты жазылған, заңсыз кәсіпкерлік қызмет пен қылмыстық жолмен алынған ақша мен (немесе) өзге де мүлікті заңдастырудың (жылыстатудың) белгілері өзектендірілген.

Жалпы отырысқа қатысушылар нормативтік қаулылардың жобаларын талқылап, нормативтік қаулыларды қабылдауға бірауыздан дауыс берді.

Редакциялық алқа

Пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан

7 июля 2016 года Председатель Верховного Суда Кайрат Мами провел очередное пленарное заседание высшего судебного органа. В работе пленарного заседания приняли участие председатели судебных коллегий и судьи Верховного Суда, члены Научно-консультативного совета, представители Конституционного Совета, Генеральной прокуратуры, Министерства юстиции, Министерства внутренних дел и Национального бюро по противодействию коррупции. На повестке дня – обсуждение проектов нормативных постановлений «О некоторых вопросах недействительности сделок и применении судами последствий их недействительности», «О практике рассмотрения судами уголовных дел в согласительном производстве» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан».

Говоря о проекте нормативного постановления «О некоторых вопросах недействительности сделок и применении судами последствий их недействительности», судья Верховного Суда Дуйсен Тумабеков отметил, что существующее положение, в соответствии с которым незаконная или безнравственная сделка является действительной до тех пор, пока не признана судом недействительной, в условиях, когда ни одна из сторон не заинтересована в признании ее недействительной, способствует возникновению серьезной угрозы для эффективного обеспечения защиты прав и интересов граждан, а в отдельных случаях – государственных интересов. По мнению судьи, обозначенные проблемы есть результат отсутствия в законодательстве нормативного деления недействительных сделок на ничтожные и оспоримые. Существование неопределенности относительно необходимости судебной процедуры признания сделки недействительной вызывает затруднения в правоприменительной практике. Довольно сложным, по мнению Д.Тумабекова, является вопрос о последствиях недействительных сделок. Законом предусмотрено, что недействительная сделка не влечет юридических последствий, за исключением тех, которые связаны с ее недействительностью, и недействительна она с момента ее совершения, если иное не предусмотрено ГК, законодательными актами или не вытекает из существа или содержания сделки. По общему правилу при недействительности сделки каждая из сторон обязана возратить другой все полученное по сделке, т.е. наступает последствие в виде двусторонней реституции (статья 157 ГК). При применении данной нормы закона на практике возникает вопрос, должен ли суд при отсутствии в иске соответствующего требования обязывать ответчика произвести возврат полученного им по сделке. В пункте 19 нормативного постановления Верховного Суда Республики

Казахстан «О судебном решении» определено, что при удовлетворении иска суд обязан указать в резолютивной части судебного акта не только о наличии права, но и о правовых последствиях, которые влечет за собой такое признание, поскольку применение последствий недействительности сделок обеспечивает наиболее полное разрешение спорных правоотношений. В соответствии с пунктом 8 статьи 157 ГК первая сделка, признанная судом недействительной, считается недействительной с момента ее совершения и не влечет юридических последствий, ради которых она заключалась, в том числе переход титула собственника к приобретателю по этой сделке. Соответственно, он не вправе распоряжаться данным имуществом, т.е. определять юридическую судьбу имущества. Таким образом, получается, что все последующие сделки с имуществом, полученным по недействительной сделке, совершаются лицами, не являющимися собственниками имущества, то есть эти сделки являются ничтожными как не соответствующие требованиям законодательства. Поэтому права и интересы лица, считающего себя собственником, не подлежат защите с использованием правового механизма, установленного статей 157 ГК, с применением соответствующей реституции. В данном случае должны применяться нормы статьи 260 ГК, согласно которым собственник вправе истребовать свое имущество из чужого незаконного владения путем предъявления виндикационного иска. Такой подход вытекает из норм пункта 3 статьи 268 ГК, из смысла и содержания которых следует, что применение двусторонней реституции возможно лишь в случае, если иные последствия не предусмотрены настоящим Кодексом.

Предложенный на обсуждение проект нормативного постановления разработан по результатам детального анализа и обобщения дел данной категории, исходя из сложившейся судебной практики. Нормативное постановление направлено, прежде всего, на устранение накопившихся проблемных вопросов, существующего разночтения действующего законодательства, а также обеспечение судебной защиты всех участников процесса с соблюдением принципа справедливости правосудия.

Представляя проект нормативного постановления «О практике рассмотрения судами уголовных дел в согласительном производстве», судья Верховного Суда Абдурашид Жукенов отметил, что его принятие является своевременным и крайне необходимым в связи с введением в действие с 2015 года нового УПК. Наряду с совершенствованием ранее действующего ускоренного досудебного расследования в уголовный процесс введен отдельный институт процессуального соглашения в форме сделки о признании вины. Нормативное постановление дает разъяснения по субъектам обращения на заключение процессуального соглашения о признании вины, закрепляет механизмы заключения соглашения. Проект разъясняет недопустимость применения статьи 67 УК в согласительном

производстве и регламентирует порядок применения статьи 68 УК в связи с примирением сторон, вопросы разрешения гражданского иска по уголовному делу в согласительном производстве, правила обжалования приговора суда, вынесенного по итогам согласительного производства, и особенности заключения соглашения о признании вины в судебном заседании апелляционной инстанции.

Необходимость внесения соответствующих изменений и дополнений в нормативное постановление о лжепредпринимательстве судья Верховного Суда Омирсерик Кожобаев объяснил тем, что из-за нарушения принципа неотвратимости наказания лжепредприятия продолжают существовать, а причиненный их недобросовестными контрагентами ущерб государству, исчисляемый десятками миллиардов тенге, не возмещается. С другой стороны контрагенты, с которыми лжепредприятия совершали действительные сделки, не могут доказать свою добросовестность, так как приговор в отношении лжепредприятия предрешает их имущественную ответственность. С момента принятия в 2004 году Верховным Судом нормативного постановления «О некоторых вопросах квалификации уголовных правонарушений в сфере экономической деятельности», с развитием общественных отношений неоднократно изменялись нормы уголовного законодательства об экономических преступлениях. Замена толкования квалифицирующих признаков преступлений в проекте связана с изменением диспозиций соответствующих статей Уголовного кодекса. В проекте более четко сформулированы правила разграничения одних преступлений от других, актуализированы признаки незаконной предпринимательской деятельности и легализации (отмывания) денег и (или) иного имущества, полученных преступным путем. Участники пленарного заседания обсудили проекты нормативных постановлений и единогласно проголосовали за принятие нормативных постановлений в целом.

Редакционная коллегия

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының нормативтік қаулылары
Нормативные постановления Верховного
Суда Республики Казахстан**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ
№ 4 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ**

2016 жылғы 7 шілде

Астана қаласы

**Соттардың қылмыстық істер бойынша
келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы**

Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасын талқылай келіп, сот практикасының бірлігін қамтамасыз ету және кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу және соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу кезінде заңнаманы дұрыс қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

1. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім (бұдан әрі - кінәні мойындау туралы келісім) жасасудың негізгі мақсаты қылмыстарды жылдам және толық ашу, тергеп-тексеру және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 8-бабында көзделген өзге де қылмыстық процесс міндеттерін заңдылық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау, кінәсіздік презумпциясы және қылмыстық процестің басқа да негізгі бастапқы қағидаттарын қатаң ұстана отырып, жасалған келісімге сәйкес соттың сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруі және істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылауын жүзеге асыруы жолымен шұғыл орындауы болып табылатыны түсіндірілсін.

2. Кінәні мойындау туралы келісім онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа не ауыр қылмыстарға немесе олардың жиынтығы бойынша ғана жасалуы мүмкін.

ҚПК-нің 613-бабының екінші бөлігінің 1) тармағының талаптарына сәйкес, егер қылмыстардың жиынтығы орын алса, олардың ең болмағанда

біреуі аса ауыр қылмыстар санатына жатса, не күдікті, айыпталушы, сотталушы жиынтыққа кіретін қылмыстың ең болмағанда біреуін жасаған деген күдікпен, айыптаумен келіспесе, онда кінәні мойындау туралы келісім жасасуға жол берілмейді.

Егер мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу іс бойынша тараптар болып табылмайтын басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне әсер ететін болса, онда кінәні мойындау туралы келісімді жасасуға болмайды.

3. Кінәні мойындау туралы келісім күдіктінің, айыпталушының, сотталушының немесе оның қорғаушысының өтінішхаты бойынша не прокурордың бастамасы бойынша жасалуы мүмкін. Қорғаушының өтінішхаты бойынша немесе прокурордың бастамасы бойынша кінәні мойындау туралы келісім жасасу кезінде күдіктінің, айыпталушының осындай келісімді жасасуды қалайтынын ерікті түрде білдіруі сотқа дейінгі тергеу сатысында қылмыстық істе тиісінше анықталуға және тіркелуге тиіс.

Қылмыстық-процестік заң кінәні мойындау туралы келісім жасасу жөніндегі өтінішхаттың белгілі бір нысанын белгілемейді, сондықтан ҚПК-нің 99-бабының екінші бөлігінің талаптарына сәйкес жазбаша өтінішхат қылмыстық іс материалдарына тіркелуге, ауызша өтінішхат – тергеу әрекеті немесе сот отырысы хаттамасына енгізілуге тиіс.

4. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының не оның қорғаушысының немесе прокурордың кінәні мойындау туралы келісім жасасу жөніндегі өтінішхаты сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында – адамның күдікті мәртебесін алған сәтінен бастап, бірінші және апелляциялық сатыдағы сотта – соттың кеңесу бөлмесіне кетуіне дейін берілуі мүмкін.

5. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша кінәні мойындау туралы келісім жасасу заңда көзделмеген.

Адам қылмыстық теріс қылық және кінәні мойындау туралы келісім жасалатын қылмыс жасаған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы олар бойынша істерді біріктірмеуі тиіс, өйткені қылмыстық теріс қылық туралы іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу хаттамалық нысанда, ал қылмыс туралы іс бойынша іс жүргізу процестік келісім шеңберінде ҚПК-нің 63-тарауында көзделген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Адам қылмыстық теріс қылық және кінәні мойындау туралы келісімге қол жеткізілмеген және жасалмаған қылмыс жасаған кезде, олар бойынша қылмыстық істер ҚПК-нің 526-бабының төртінші бөлігіне сәйкес анықтау не алдын ала тергеу нысанында бірыңғай іс жүргізу үшін біріктірілуі мүмкін.

6. Егер сотқа кінәні мойындау келісімі жасалған аса ауыр қылмыстар санатына жатпайтын қылмыстар мен қылмыстық теріс қылық істері біріктірілген іс келіп түссе, онда сот ҚПК-нің талаптарына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу мүмкіндігін бере отырып, істі алдын ала тыңдаудан прокурорға кері қайтарады.

7. Егер сотқа ең болмаса біреуі аса ауыр қылмысқа жататын екі немесе одан да көп қылмыс жасаған адамға қатысты кінәні мойындау туралы жасалған келісімі бар қылмыстық іс келіп түссе, онда сот істі келісімдік іс жүргізу тәртібінде қарауға негіздің болмауына байланысты алдын ала тыңдаудан прокурорға қайтарады.

8. Егер бірнеше адамды айыптау туралы қылмыстық іс бойынша сот талқылауы барысында олардың біріне қатысты кінәні мойындау туралы келісім жасасу жөнінде өтінішхат келіп түссе, онда сот ҚПК-нің 628-бабына сәйкес сот талқылауында үзіліс алып тараптарға оны жасасу үшін ақылға сыйымды мерзім береді. Кінәні мойындау туралы келісім жасалған жағдайда, судья ҚПК-нің 44-бабының бірінші бөлігінің 4) тармағына сәйкес кінәні мойындау туралы келісім жасасқан сотталушыға қатысты қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөледі және ҚПК-нің 64-тарауының қағидалары бойынша келісімдік іс жүргізу тәртібінде қарауға не оны қарау үшін басқа судьяға жіберуге құқылы.

Сот қылмыстық істен кінәні мойындау туралы келісім жасаған сотталушыға қатысты істі жеке іс жүргізуге бөлген кезде, басқа сотталушыларға қатысты қылмыстық іс бойынша сот талқылауы жалпы тәртіппен жалғасады.

9. Егер аса ауыр қылмыстар туралы қылмыстық іс бойынша басты сот талқылауы барысында мемлекеттік айыптаушы айыптаудан ішінара бас тарту жолымен айыптауды неғұрлым жеңіл қылмысқа өзгертсе әрі жәбірленуші бұрынғы айыпты талап етпесе, онда сот істің бөлігін тоқтатып, ал тараптарға жаңа айыптау бойынша олардың кінәні мойындау туралы келісім жасасу құқықтары барын түсіндіруі тиіс.

10. Қылмыстық процесті жүргізуші орган кінәні мойындау туралы келісім жасасу жөніндегі өтінішхатты прокурорға жібергенге дейін жәбірленушіге ҚПК-нің 71-бабы алтыншы бөлігінің 22) тармағының талаптарына сәйкес тараптардың келісім жасасу ниеті туралы, оның шарттары мен салдарлары туралы білуге, қылмыспен келтірілген залалды өтеу бойынша өз шарттарын ұсынуға не оны жасасуға қарсылық білдіруге құқығы бар екенін түсіндіруге міндетті. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында аталған әрекетті жүргізу туралы ҚПК-нің 199-бабының талаптарын сақтай отырып, хаттама жасалады, ал сот талқылауында – сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Қылмыстық процесте кінәні мойындау туралы келісім жасасу сатысында жәбірленушінің құқықтарын тиісінше қамтамасыз ету және жәбірленушінің келісімді жасасуға келісімін алу мақсатында прокурор жәбірленушіге оның кінәні мойындау туралы келісім жасасуға келісуінің ҚПК-нің 614-бабында көзделген құқықтық салдары туралы қосымша түсіндіруі тиіс. Осы әрекетті жүргізу туралы прокурор ҚПК-нің 199-бабының талаптарын сақтай отырып, хаттама жасайды.

Қылмыстық іс бойынша жәбірленуші (жеке немесе заңды тұлға) жоқ болған жағдайды қоспағанда, жәбірленушінің кінәні мойындау туралы келісім жасасуға келісуі оны жасасудың міндетті шарты болып табылады, сондықтан жәбірленушінің мұндай келісімі қылмыстық іс материалдарына жазбаша нысанда жәбірленушіге оның құқықтарын және кінәні мойындау туралы келісім жасасуға келісім беруінің салдарларын түсіндіру хаттамасымен қоса тігілуге тиіс.

11. ҚПК-нің 614-бабының екінші бөлігіне және 63-тарауының басқа нормаларына сәйкес күдікті, айыпталушы, сотталушы ғана кінәні мойындаудан бас тартуға құқылы. Жәбірленушінің келісім жасасуға берген өзінің келісімінен бас тарту құқығы заңда көзделмеген. Одан басқа, ҚПК-нің 614-бабының бірінші бөлігінің 3) тармағына сәйкес кінәні мойындау туралы келісім жасасуға келісімін берген жәбірленуші залалды өтеу мөлшері туралы талапты одан әрі өзгерту құқығынан айырылады. Алайда, ҚПК-нің 614-бабының үшінші бөлігіне сәйкес кінәні мойындау туралы келісім жәбірленушіні және азаматтық талапкерді осы қылмыстық іс бойынша немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде азаматтық талап қою құқығынан айырмайды.

ҚПК-нің 614-бабының үшінші бөлігінің нормасы жәбірленушінің келісімімен кінәні мойындау туралы келісім жасалғаннан кейін қылмыспен келтірілген зиянды өтеу мәселесі бойынша олардың ұстанымы келісім жасалғаннан кейін туындаған мән-жайларға байланысты (мысалы, емделуге жұмсалатын шығындар, дәрі-дәрмек сатып алу және тағы басқа) өзгерген жағдайларда, жәбірленушінің және азаматтық талапкердің талап қою құқығын бекітеді. Бұл ретте, жаңа мән-жайлар болмаған кезде жәбірленуші мен азаматтық талапкер өзінің келісімімен кінәні мойындау туралы келісімде көрсетілген зиян сомасын ұлғайту туралы мәселе қоюға құқылы емес.

12. Егер қылмыстық іс бойынша жәбірленуші болып заңды тұлға танылса, онда кінәні мойындау туралы келісім жасасуға келісімді заңды тұлғаның осындай өкілеттілік берген өкілі береді.

Кінәні мойындау туралы келісім қылмыстық іс бойынша жәбірленуші – жеке немесе заңды тұлға жоқ болған кезде де жасалуы мүмкін (мысалы, есірткі заттарының заңсыз айналымы және тағы басқа істер бойынша).

13. Кінәні мойындау туралы келісімде соттың сотталушыға жазаның белгілі бір түрі мен мөлшерін тағайындауға тиіс шарт болмауы керек, онда ҚПК-нің 616-бабының бірінші бөлігінің 8) тармағына сәйкес прокурордың сот алдында өтініш білдіретін жазаның түрі мен мөлшері көрсетілуі тиіс.

14. Кінәні мойындау туралы келісімді жасаған кезде прокурор оған күдіктінің, айыпталушының өз кінәсін мойындауы шарт деп тануға құқылы емес. Кінәні мойындау туралы келісімде ҚПК-нің 613-бабы бірінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және жасалған қылмыс туралы істегі бар дәлелдемелерге, өзі келтірген

зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпағанын көрсету жеткілікті болып табылады.

15. Егер өзінің құқығын сотта пайдаланған сотталушы кінәні мойындау туралы келісім жасасудан бас тартса, онда сот қылмыстық істі ҚПК-нің 626-бабы бірінші бөлігінің 1) тармағына сәйкес сотқа дейінгі тергеуді жалпы тәртіппен жүргізу үшін прокурорға кері қайтарады. Келісімдік іс жүргізуде сотталушының кінәлі еместігі және кінәні мойындау туралы келісімді мәжбүрлеп жасағаны туралы өтініші де сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін прокурорға кері қайтаруға әкеп соғады.

16. Кінәні мойындау туралы келісімде маскүнемдіктен, нашакорлықтан немесе уытқұмарлықтан емделуді қажет етеді деп танылған сотталғанға медициналық сипаттағы мәжбүрлеп емдеуді тағайындау туралы шарт болмаған кезде, осы мәжбүрлеу шарасын сот өз бастамасы бойынша тағайындай алмайды. Мұндай жағдайда сот ҚПК-нің 623-бабы бірінші бөлігінің 3) тармағының немесе 626-бабының бірінші бөлігінің 2) тармағының негізінде жаңа келісім жасасу үшін қылмыстық істі прокурорға кері қайтаруға құқылы.

17. Сотталушының кінәні мойындау туралы келісімді жасасудан бас тартуына сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін жол беріледі. Келісімдік іс жүргізу қорытындысы бойынша айыптау үкімі шыққаннан кейін сотталғанның кінәні мойындау туралы келісімді жасасудан бас тартуға құқығы жоқ, бірақ ҚПК-нің 48-тарауында көзделген тәртіппен үкімге шағым жасай алады. Бұл ретте, соттың кеңесу бөлмесіне кеткеннен кейін сотталушының кінәні мойындау туралы келісімді жасасудан бас тартуы сот үкімінің күшін жоюға негіз болып табылмайды. Келісімдік іс жүргізуде істі қарау қорытындысы бойынша шығарылған сот үкімінің күшін апелляциялық сатыдағы сот тек ҚПК-нің 433-бабында көзделген негіздер бойынша, оның ішінде кінәні мойындау туралы келісімді жасасу немесе келісімдік іс жүргізу тәртібінде қылмыстық істі қарау барысында қылмыстық процестік заңның едәуір бұзылуына жол берілген кезде ғана жоя және өзгерте алады.

18. Күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе прокурор кінәні мойындау туралы келісімді жасасу жөніндегі өтінішті мәлімдеген және оны жасаған жағдайда қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуы ҚПК-нің 67-бабының бірінші бөлігінің 11) тармағының талаптарына сәйкес міндетті болып табылады. Кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушы, сотталушы прокурормен кінәні мойындау туралы келісім жасаған кезде ҚПК-нің 537-бабының үшінші бөлігінің және 542-бабының үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес осы процестік әрекетке олардың қорғаушысымен қатар міндетті түрде ҚПК-нің 7-бабының 13) тармағында көрсетілген адамдар қатарынан заңды өкілі де қатысады.

19. Судья кінәні мойындау туралы келісімі бар қылмыстық іс бойынша сот талқылауын тағайындау туралы тиісті қаулы шығарады. Бұл ретте,

соттың қылмыстық істерді келісімдік іс жүргізу тәртібінде қарауы ҚПК-нің 625-бабында көзделген қағидалар бойынша сот тергеуін, сот жарыссөзін жүргізбестен және сотталушыға соңғы сөз берместен жүзеге асырылады.

20. Сот келісімдік іс жүргізуді кінәні мойындау туралы жасалған келісім шегінде жүргізеді. Сот келісімдік іс жүргізуде, егер сотталушының жағдайын нашарлатпаса және оның қорғану құқығын бұзбаса, кінәні мойындау туралы келісімде көзделмеген шешімді қабылдауға құқылы.

21. Қылмыстық іс келісімдік іс жүргізу тәртібінде ҚПК-нің 625-бабының алтыншы бөлігіне және 382-бабының екінші бөлігіне сәйкес он тәулікке дейінгі мерзімде қаралуға тиіс, ерекше жағдайларда осы мерзім судьяның уәжді қаулысымен жиырма тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

22. Басты сот талқылауы барысында кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхат келіп түскен жағдайда, судья ҚПК-нің 628-бабының бірінші бөлігінің талаптарына сәйкес сот талқылауында үзіліс алып, тараптарға келісім жасасуы үшін ақылға қонымды мерзім береді. Бұл ретте, қылмыстық іс прокурорға жіберілмейді, сотта қалады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган, процестік келісім жасасу туралы мәселені шешу үшін келіп түскен өтінішхатты қылмыстық іс материалдарымен бірге прокурорға жіберетіні туралы ҚПК-нің 615-бабының екінші бөлігінің ережелері сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында ғана қолданылады.

23. Сот келісімдік іс жүргізудің нәтижелері бойынша сотталушыға прокурордың өтінішхатпен кінәні мойындау туралы келісімге сәйкес соттың алдында сұраған жазаның түрі мен мөлшерінен неғұрлым жеңіл жаза тағайындауға да, процестік келісімде көрсетілген жазаның түрімен және мөлшерімен келіспеуге байланысты жаңа келісім жасасуға мүмкіндік беріп, істі прокурорға кері қайтаруға да құқылы.

24. Сот кінәні мойындау туралы келісімде көзделген жазадан неғұрлым қатаң жаза тағайындауға құқылы емес. Егер сот кінәні мойындау туралы келісімде көзделген жазаның түрімен және мөлшерімен оны жеңіл деп есептей отырып келіспесе, онда қылмыстық іс ҚПК-нің 623-бабының бірінші бөлігінің 3) тармағына және 626-бабының бірінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес жаңа келісім жасасуға мүмкіндік бере отырып, прокурорға кері қайтарады.

25. Істі келісімдік іс жүргізу тәртібінде қарау кезінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 67-бабын қолдануға жол берілмейді, өйткені бұл норма ынтымақтастық туралы процестік келісім жасаған тұлғаға және ол келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда ғана қолданылады.

26. Келісімдік іс жүргізуде ҚК-нің 68-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайлар анықталған кезде, сот ҚПК-нің 35-бабының бірінші бөлігінің 12) тармақшасына және ҚПК-нің 626-бабының бірінші бөлігінің

4) тармақшасына сәйкес татуласуға байланысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарады.

Келісімдік іс жүргізуде кінәні мойындау туралы келісімді қарау қорытындысы бойынша соттың ҚПК-нің 36-бабында және ҚК-нің 68-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген негіздер бойынша істі тоқтату туралы қаулы шығаруына жол берілмейді. Бұл жағдайда сот қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, айыптау үкімін шығаруға немесе қылмыстық істі прокурорға қайтаруға құқылы.

27. Келісімдік іс жүргізуде кінәні мойындау туралы келісімді қараудың қорытындылары бойынша ақтау үкімін шығару көзделмеген. ҚПК-нің 35-бабында көрсетілген мән-жайлар анықталған кезде және олар зерттеуді қажет етпесе, сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарады.

28. ҚПК-нің 626-бабының бірінші бөлігінің 5) тармағына сәйкес айыптау үкімінде азаматтық талап және кінәні мойындау туралы келісімге сәйкес басқа да жазалар бойынша сот шешімі болуға тиіс. Заңның көрсетілген талаптарын қамтамасыз ету мақсатында кінәні мойындау туралы келісімде іс бойынша процестік шығындар болған кезде, оларды сотталғаннан өндіріп алу не оларды мемлекет есебіне жатқызу туралы көрсетілуге тиіс.

29. ҚПК-нің 87-бабының мағынасы бойынша істі прокурорға келісімдік іс жүргізу тәртібінде қарауға негіздердің болмауына байланысты кері қайтарған судья, бұл іс кінәні мойындау туралы жаңа келісіммен бірге сотқа қайтадан келіп түскен кезде осы негіз бойынша ғана қарсылық білдірмеуі тиіс және ол бұл істі келісімдік іс жүргізу тәртібінде қарауға құқылы.

30. Келісімдік іс жүргізу тәртібінде кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісіммен бірге сотқа келіп түскен қылмыстық істер, сондай-ақ басты сот талқылауы барысында не істі апелляциялық іс жүргізуде қарау кезінде кінәні мойындау туралы келісім жасалған қылмыстық істер қаралады.

Ынтымақтастық туралы келісім жасаған және оның шарттарын орындаған сотталған адамға қатысты іс прокурордың өтінішхатымен бірге келісімдік іс жүргізу тәртібінде қаралуға тиіс емес, ол ҚПК-нің 476, 477 және 478-баптарына сәйкес үкімді орындау тәртібімен қаралуға жатады.

31. Апелляциялық сатыдағы сотта сотталғанға қатысты кінәні мойындау туралы процестік келісім жасалуы мүмкін емес, өйткені ҚПК-нің 615-бабына сәйкес осындай келісім жасасу туралы өтінішхатты беруге қорғаушы мен прокурордан басқа күдікті, айыпталушы және сотталушы ғана құқылы. Одан басқа, ҚПК-нің 65-бабының жетінші бөлігінің 5) тармағына сәйкес сотталған ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты беруге ғана құқылы. Осыған байланысты, ҚПК-нің 429-бабының бесінші бөлігінің талаптарын ескере отырып, апелляциялық сатыдағы сот отырысында кінәні мойындау туралы келісім бірінші сатыдағы сот үкімі заңда көзделген негіздемелер бойынша жойылған соң және апелляциялық сатыдағы сот

бірінші сатыдағы сот үшін көзделген қағидалар бойынша қылмыстық істі қарауға ауысқаннан кейін ғана жасалуы мүмкін. Бұл ретте, кінәні мойындау туралы келісім жасалған жағдайда, апелляциялық сатыдағы сот қылмыстық істі келісімдік іс жүргізу тәртібінде қарау туралы қаулы шығарып, істі ҚПК-нің 64-тарауының қағидалары бойынша қарайды және ҚПК-нің 626-бабында көзделген шешімдердің бірін шығарады.

32. Кассациялық сатыдағы сотта, яғни сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін қылмыстық іс бойынша кінәні мойындау туралы келісім жасасуға жол берілмейді.

33. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

Қ.Мәми

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Қ.Шаухаров

**НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 4
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

7 июля 2016 года

город Астана

**О практике рассмотрения судами уголовных дел
в согласительном производстве**

Обсудив практику судов по рассмотрению уголовных дел в согласительном производстве, в целях обеспечения единства судебной практики и правильного применения законодательства при заключении процессуального соглашения в форме сделки о признании вины и рассмотрении судами уголовных дел в согласительном производстве, пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан

п о с т а н о в л я е т:

1. Разъяснить, что основной целью заключения процессуального соглашения в форме сделки о признании вины (далее - соглашение о признании вины) является быстрое и полное раскрытие, расследование преступлений и оперативное выполнение иных предусмотренных статьей 8 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - УПК) задач уголовного процесса путем ускоренного досудебного производства и осуществления судебного разбирательства дела в сокращенном порядке в соответствии с условиями заключенного соглашения при строгом соблюдении принципов законности, судебной защиты прав и свобод человека и гражданина, презумпции невиновности и других основных начал уголовного процесса.

2. Соглашение о признании вины может быть заключено лишь в отношении преступления небольшой или средней тяжести либо тяжкого преступления или их совокупности.

В соответствии с требованиями пункта 1) части второй статьи 613 УПК не допускается заключение соглашения о признании вины, если имеет место совокупность преступлений, хотя бы одно из которых относится к категории особо тяжких либо подозреваемый, обвиняемый, подсудимый не согласен с подозрением, обвинением в совершении хотя бы одного преступления, входящего в совокупность.

Соглашение о признании вины не может быть заключено, если это может отразиться на всесторонности, полноте и объективности исследования обстоятельств, затрагивающих права и законные интересы других лиц, не являющихся сторонами по делу.

3. Соглашение о признании вины может быть заключено по ходатайству подозреваемого, обвиняемого, подсудимого или его защитника либо по инициативе прокурора. При заключении соглашения о признании вины по ходатайству защитника или по инициативе прокурора на стадии досудебного расследования в уголовном деле должно быть надлежащим образом установлено и зафиксировано добровольное изъявление подозреваемым, обвиняемым желания на заключение такого соглашения.

Уголовно-процессуальный закон не устанавливает определенную форму ходатайства о заключении соглашения о признании вины, поэтому в соответствии с требованиями части второй статьи 99 УПК письменное ходатайство должно быть приобщено к материалам уголовного дела, устное - занесено в протокол следственного действия или судебного заседания.

4. Ходатайство подозреваемого, обвиняемого, подсудимого или его защитника или прокурора о заключении соглашения о признании вины может быть подано: на стадии досудебного производства с момента приобретения лицом статуса подозреваемого; в суде первой и апелляционной инстанции - до удаления суда в совещательную комнату.

5. Заключение соглашения о признании вины по делам об уголовных проступках законом не предусмотрено.

При совершении лицом уголовного проступка и преступления, по которому заключается соглашение о признании вины, орган досудебного расследования не должен соединять по ним дела, поскольку производство по делу об уголовном проступке осуществляется в протокольной форме досудебного расследования, а производство по делу о преступлении в рамках процессуального соглашения - в соответствии с правилами, предусмотренными главой 63 УПК.

При совершении лицом уголовного проступка и преступления, по которому соглашение о признании вины не достигнуто и не заключено, уголовные дела по ним в соответствии с частью четвертой статьи 526 УПК могут быть соединены для единого производства в форме дознания либо предварительного следствия.

6. Если в суд поступило уголовное дело с заключенным соглашением о признании вины, в котором соединены дела об уголовном проступке и преступлении, которое не относится к категории особо тяжких, то суд с предварительного слушания возвращает дело прокурору с предоставлением возможности произвести досудебное расследование в соответствии с требованиями УПК.

7. Если в суд поступило уголовное дело с заключенным соглашением о признании вины в отношении лица, обвиняемого в совершении двух и более преступлений, хотя бы одно из которых относится к категории особо тяжких, то суд с предварительного слушания возвращает дело прокурору в связи с отсутствием оснований для применения согласительного производства.

8. Если в ходе судебного разбирательства по уголовному делу по обвинению нескольких лиц в отношении одного из них поступило ходатайство о заключении соглашения о признании вины, то суд в соответствии со статьей 628 УПК прерывает судебное разбирательство и предоставляет сторонам разумный срок для его заключения. В случае заключения соглашения о признании вины судья в соответствии с пунктом 4) части первой статьи 44 УПК выделяет уголовное дело в отношении подсудимого, с которым заключено соглашение о признании вины, в отдельное производство и вправе сам рассмотреть его в согласительном производстве по правилам главы 64 УПК либо направить его для рассмотрения другому судье.

При выделении судом из уголовного дела в отдельное производство дела в отношении подсудимого, заключившего соглашение о признании вины, судебное разбирательство по уголовному делу в отношении других подсудимых продолжается в общем порядке.

9. Если в ходе главного судебного разбирательства по уголовному делу об особо тяжком преступлении государственный обвинитель путем частичного отказа от обвинения изменит обвинение на менее тяжкое преступление и потерпевший не будет настаивать на прежнем обвинении, то суд должен прекратить дело в части, и по новому обвинению разъяснить сторонам об их праве на заключение соглашения о признании вины.

10. Орган, ведущий уголовный процесс, до направления прокурору поступившего ходатайства о заключении соглашения о признании вины обязан в соответствии с требованиями пункта 22) части шестой статьи 71 УПК разъяснить потерпевшему о том, что он имеет право знать о намерении сторон заключить соглашение о признании вины, о его условиях и последствиях, наличия у него права предлагать свои условия по возмещению ущерба, причиненного преступлением, либо возражать против его заключения. О производстве данного действия на стадии досудебного расследования с соблюдением требований статьи 199 УПК составляется протокол, а в судебном разбирательстве – заносится в протокол судебного заседания.

В целях надлежащего обеспечения прав потерпевшего в уголовном процессе на этапе заключения соглашения о признании вины и получения согласия потерпевшего на его заключение прокурор должен дополнительно разъяснить потерпевшему о предусмотренных статьей 614 УПК правовых последствиях дачи им согласия на заключение соглашения о признании вины. О производстве данного действия прокурором с соблюдением требований статьи 199 УПК составляется протокол.

Поскольку согласие потерпевшего на заключение соглашения о признании вины является обязательным условием его заключения, за исключением когда по уголовному делу потерпевший (физическое или юридическое лицо) отсутствует, то такое согласие потерпевшего

в письменной форме должно быть приобщено к материалам уголовного дела вместе с протоколами разъяснения потерпевшему его прав и последствий дачи им согласия на заключение соглашения о признании вины.

11. В соответствии с частью второй статьи 614 УПК и другими нормами главы 63 УПК право отказаться от заключенного соглашения о признании вины имеет лишь подозреваемый, обвиняемый, подсудимый. Право потерпевшего на отзыв своего согласия на заключение соглашения законом не предусмотрено. Кроме того, в соответствии с пунктом 3) части первой статьи 614 УПК потерпевший, давший согласие на заключение соглашения о признании вины, лишен права в дальнейшем изменять требование о размере возмещения ущерба. Однако, согласно части третьей статьи 614 УПК соглашение о признании вины не лишает потерпевшего и гражданского истца права на предъявление гражданского иска в данном уголовном деле или в порядке гражданского судопроизводства.

Норма части третьей статьи 614 УПК закрепляет право потерпевшего и гражданского истца на предъявление иска в случаях, когда после заключения соглашения о признании вины с согласия потерпевшего, их позиция по вопросу возмещения причиненного преступлением вреда изменилась в связи с обстоятельствами, возникшими после заключения соглашения (например, затраты на лечение, покупка лекарств и тому подобное). При этом потерпевший и гражданский истец при отсутствии новых обстоятельств не вправе ставить вопрос об увеличении суммы вреда, которая была с его согласия указана в соглашении о признании вины.

12. Если по уголовному делу потерпевшим признано юридическое лицо, то согласие на заключение соглашения о признании вины дает представитель юридического лица, наделенный юридическим лицом такими полномочиями.

Соглашение о признании вины может быть заключено и при отсутствии по уголовному делу потерпевшего - физического или юридического лица (к примеру, по делам о незаконном обороте наркотических средств и тому подобное).

13. В соглашении о признании вины не должно содержаться условие, согласно которому суд должен назначить подсудимому определенный вид и размер наказания, а в соответствии с пунктом 8) части первой статьи 616 УПК в нем должен быть указан вид и размер наказания, о котором прокурор будет ходатайствовать перед судом.

14. При заключении соглашения о признании вины прокурор не вправе ставить условием его заключения признание подозреваемым, обвиняемым своей вины. В соглашении о признании вины в соответствии с пунктом 2) части первой статьи 613 УПК является достаточным указание о том, что подозреваемый, обвиняемый не оспаривают подозрение, обвинение и имеющиеся по делу доказательства в совершении преступления, характер и размер причиненного ими вреда.

15. Если подсудимый, воспользовавшись в суде своим правом, отказался от заключенного соглашения о признании вины, то суд в соответствии с пунктом 1) части первой статьи 626 УПК возвращает уголовное дело прокурору для производства досудебного расследования в общем порядке. Заявление подсудимого в согласительном производстве о невинности и заключении им соглашения о признании вины под принуждением также влечет возврат уголовного дела прокурору для производства досудебного расследования.

16. При отсутствии в соглашении о признании вины условия о назначении осужденному, признанному нуждающимся в лечении от алкоголизма, наркомании или токсикомании, принудительных мер медицинского характера, данная мера принуждения не может быть назначена судом по своей инициативе. В этом случае суд вправе на основании пункта 3) части первой статьи 623 УПК или пункта 2) части первой статьи 626 УПК возвратить уголовное дело прокурору для заключения нового соглашения.

17. Отказ подсудимого от заключенного соглашения о признании вины допускается до удаления суда в совещательную комнату. После вынесения по итогам согласительного производства обвинительного приговора осужденный не вправе отказаться от заключенного соглашения о признании вины, но может обжаловать приговор в порядке, предусмотренном главой 48 УПК. При этом сам факт отказа подсудимого от заключенного соглашения о признании вины после удаления суда в совещательную комнату не является основанием для отмены приговора суда. Приговор суда, вынесенный по итогам рассмотрения дела в согласительном производстве, может быть отменен или изменен судом апелляционной инстанции лишь по основаниям, предусмотренным статьей 433 УПК, в том числе в связи с существенным нарушением уголовного процессуального закона, допущенным при заключении соглашения о признании вины или рассмотрении уголовного дела в согласительном производстве.

18. В случае заявления подозреваемым, обвиняемым, подсудимым или прокурором ходатайства о заключении соглашения о признании вины и его заключении, участие защитника по уголовному делу в соответствии с требованиями пункта 11) части первой статьи 67 УПК является обязательным. При заключении несовершеннолетним подозреваемым, обвиняемым, подсудимым с прокурором соглашения о признании вины в соответствии с требованиями части третьей статьи 537 УПК и части третьей статьи 542 УПК в этом процессуальном действии, наряду с защитником в обязательном порядке участвует законный представитель из числа лиц, указанных в пункте 13) статьи 7 УПК.

19. О назначении судебного разбирательства по уголовному делу с соглашением о признании вины судьей выносится соответствующее постановление. При этом рассмотрение судом уголовных дел

в согласительном производстве осуществляется по правилам, предусмотренным статьей 625 УПК, без проведения судебного следствия, судебных прений и предоставления последнего слова подсудимому.

20. Согласительное производство проводится судом в пределах заключенного соглашения о признании вины. Суд в согласительном производстве вправе принять решение, не предусмотренное соглашением о признании вины, если этим не ухудшается положение подсудимого и не нарушается его право на защиту.

21. Уголовное дело в согласительном производстве в соответствии с частью шестой статьи 625 УПК и частью второй статьи 382 УПК должно быть рассмотрено в срок до десяти суток, в исключительных случаях этот срок может быть продлен мотивированным постановлением судьи до двадцати суток.

22. В случае поступления в ходе главного судебного разбирательства ходатайства о заключении соглашения о признании вины судья в соответствии с требованиями части первой статьи 628 УПК прерывает судебное разбирательство и предоставляет сторонам разумный срок для его заключения. При этом уголовное дело прокурору не направляется, а остается в суде. Положение части второй статьи 615 УПК о том, что орган, ведущий уголовный процесс, направляет поступившее ходатайство вместе с материалами уголовного дела прокурору для решения вопроса о заключении соглашения о признании вины, подлежит применению лишь на стадии досудебного производства.

23. Суд по результатам согласительного производства вправе как назначить осужденному менее строгое наказание, чем вид и размер наказания, о котором ходатайствует прокурор перед судом в соответствии с соглашением о признании вины, так и возвратить дело прокурору в связи с несогласием с видом и размером наказания, указанным в процессуальном соглашении, с предоставлением возможности заключения нового соглашения.

24. Суд не вправе назначить более строгое наказание, чем предусмотрено соглашением о признании вины. Если суд не согласен с видом или размером наказания, предусмотренным соглашением о признании вины, считая его мягким, то уголовное дело в соответствии с пунктом 3) части первой статьи 623 УПК или пунктом 2) части первой статьи 626 УПК возвращается прокурору с предоставлением возможности заключения нового соглашения.

25. Применение статьи 67 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее - УК) при рассмотрении дела в согласительном производстве недопустимо, поскольку эта норма применима лишь к лицу, заключившему процессуальное соглашение о сотрудничестве, при условии выполнения им всех условий соглашения.

26. В согласительном производстве при установлении обстоятельств, предусмотренных частью первой статьи 68 УК, суд в соответствии с пунктом

12) части первой статьи 35 УПК и пунктом 4) части первой статьи 626 УПК выносит постановление о прекращении производства по уголовному делу в связи с примирением.

По итогам рассмотрения соглашения о признании вины в согласительном производстве вынесение судом постановления о прекращении дела по основаниям, предусмотренным статьей 36 УПК и частями второй и третьей статьи 68 УК, не допускается. В этом случае суд вправе вынести обвинительный приговор с освобождением от уголовной ответственности либо возвратить уголовное дело прокурору.

27. По итогам рассмотрения соглашения о признании вины в согласительном производстве вынесение оправдательного приговора не предусмотрено. При обнаружении обстоятельств, указанных в статье 35 УПК, суд выносит постановление о прекращении производства по уголовному делу по основаниям, не связанным с исследованием доказательств.

28. Согласно пункту 5) части первой статьи 626 УПК обвинительный приговор должен содержать решение суда по гражданскому иску и другим взысканиям в соответствии с соглашением о признании вины. В целях обеспечения указанных требований закона в соглашении о признании вины при наличии по делу процессуальных издержек должно быть указано о взыскании их с осужденного либо об отнесении их за счет государства.

29. По смыслу статьи 87 УПК судья, возвративший дело прокурору ввиду отсутствия оснований для применения согласительного производства, при повторном поступлении данного дела в суд с новым соглашением о признании вины не может быть отведен лишь по этому основанию, и он вправе рассмотреть это дело в согласительном производстве.

30. В согласительном производстве рассматриваются уголовные дела, поступившие в суд с процессуальным соглашением в форме сделки о признании вины, а также дела, по которым соглашение о признании вины заключено в ходе главного судебного разбирательства либо при рассмотрении дела в апелляционном производстве.

Дело с ходатайством прокурора в отношении осужденного лица, заключившего процессуальное соглашение о сотрудничестве и выполнившего его условия, не может быть рассмотрено в согласительном производстве, а подлежит рассмотрению в порядке исполнения приговора в соответствии со статьями 476, 477 и 478 УПК.

31. В отношении осужденного в суде апелляционной инстанции процессуальное соглашение о признании вины не может быть заключено, поскольку в соответствии со статьей 615 УПК на подачу ходатайства о заключении такого соглашения, кроме защитника и прокурора, имеет право лишь подозреваемый, обвиняемый, подсудимый. Кроме того, согласно пункту 5) части седьмой статьи 65 УПК осужденный имеет право лишь на подачу ходатайства о заключении процессуального соглашения о сотрудничестве.

В этой связи с учетом требований части пятой статьи 429 УПК в судебном заседании апелляционной инстанции соглашение о признании вины может быть заключено лишь после отмены приговора суда первой инстанции по предусмотренным законом основаниям, и перехода судом апелляционной инстанции к рассмотрению уголовного дела по правилам, предусмотренным для суда первой инстанции. При этом в случае заключения соглашения о признании вины суд апелляционной инстанции выносит постановление о рассмотрении уголовного дела в согласительном производстве, рассматривает дело по правилам главы 64 УПК и выносит одно из решений, предусмотренных статьёй 626 УПК.

32. По уголовному делу заключение соглашения о признании вины в суде кассационной инстанции, то есть после вступления приговора суда в законную силу, не допускается.

33. Согласно пункту 1 статьи 4 Конституции Республики Казахстан настоящее нормативное постановление включается в состав действующего права, является общеобязательным и вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Председатель
Верховного Суда
Республики Казахстан**

К.Мами

**Судья Верховного Суда
Республики Казахстан,
секретарь пленарного заседания**

К.Шаухаров

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 5 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2016 жылғы «7» шілде

Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мынадай нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Жалған кәсіпкерлік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері жөнінде» 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 1:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жалған кәсіпкерлік дегеніміз кінәлі адам кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 215-бабының диспозициясында көзделген құқыққа қарсы мақсаттарда бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтіретін жағдайда, жеке кәсіпкерлік субъектілерін құратын (иемденетін) және пайдаланатын, сол сияқты оларға басшылық жасайтын экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың түрі.

Бұл ретте, ҚК-нің 215-бабында көрсетілген мақсаттарды көздейтін әрекеттер деп тек тергелген және айыпталушыға (сотталушыға) нақты қылмыстық іс шеңберінде тағылған әрекеттерді ғана түсіну керек.

Объективтік себептер бойынша сотқа дейінгі тергеу сатысында қосымша және ұзақ тексеру талап етілетін жекелеген әрекеттер мен мән-жайлар бөлігінде қылмыстық іс Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі (бұдан әрі – ҚПК) 44-бабының тәртібінде жеке іс жүргізуге бөлінуі мүмкін.

ҚК-нің 216-бабына қатысты, мүлктік пайда алу мақсатында іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша жекелеген әрекеттерді жасаған кәсіпкерлік қызметті тұрақты жүзеге асыратын және жүйелі сипаттағы құқыққа қарсы мақсаттарды көздемейтін адамдарды жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызу керек. Жалған кәсіпорынды құрған (иемденген) және бұл ретте бірлі-жарым (бірнеше) жарамды мәмілелерді жасау жолымен ғана адал кәсіпкерлік қызметті имитациялаған адамның әрекеттері ҚК-нің 215-бабы бойынша саралауға жатады.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жалған кәсіпкерлік кезінде қол сұғу объектісі болып салық салу, кредиттеу және өзге де заңды экономикалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастар табылады.»;

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Жалған кәсіпкерліктің объективтік жағы өзіне жеке кәсіпкерлік субъектісін құру және олардың шешімдерін айқындау құқығын беретін басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін, пайларын) иемденуді өзіне қамтиды.»;

екінші абзацтағы «Коммерциялық ұйым мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылған болып есептеледі,» деген сөздер «Жеке кәсіпкерлік субъектісі мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылған болып есептеледі,» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы «қылмыстың» деген сөз «қылмыстық құқық бұзушылықтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы «Коммерциялық ұйымды», «қылмыс» деген сөздер тиісінше «Жеке кәсіпкерлік субъектісін», «қылмыстық құқық бұзушылық» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

екінші абзацтағы «айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда, айыптау қорытындысында,», «коммерциялық ұйым» деген сөздер тиісінше «күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда, айыптау актісінде,», «жеке кәсіпкерлік субъект» деген сөздермен ауыстырылсын»;

6-тармақтағы «құру» деген сөзден кейін «(иемдену)» деген сөзбен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жалған кәсіпорын құрған кезде кінәлі адамның әуел бастан ҚК-нің 215-бабының диспозициясында көрсетілген мақсаттардың бірін (немесе бір мезгілде бірнешеуін) көздеуі жалған кәсіпкерліктің міндетті белгісі болып табылады.»;

9-тармақтағы «189-бабының ескертпесінде» деген сөздер «3-бабында» деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Жалған кәсіпкерлікпен ұласқан залал контрагент төлеуден жалтарған салық сомасы ретінде немесе контрагент заңсыз алған кредит, кіріс, мүліктік пайда сомасы ретінде айқындалады. Осыған байланысты төленбеген салықтар, заңсыз алынған кредит, кіріс, өзге де пайдалар түрінде жалған кәсіпорын контрагенті келтірген залал, сондай-ақ бұл контрагенттің басшысының (қатысушының) кінәсі осы қылмыстық іс бойынша процестік шешім қабылдана отырып дәлелденуге жатады немесе бұрын қабылданған және заңды күшіне енген әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулымен, соттың айыптау үкімімен не қылмыстық істі ақтамайтын негіздер бойынша тоқтату туралы қаулымен белгіленуге тиіс.

ҚК-нің 215-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жалған кәсіпкердің, контрагенттің салықтар төлеуден жалтаруына дем

берушілік әрекетін толық қамтитындықтан, оның бұл әрекеттері ҚК-нің 245-бабы бойынша қосымша саралауды талап етпейді.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Егер адам тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) сатуды бухгалтерлік және салықтық есепте көрсетпей іс жүзінде жүзеге асырса, оның әрекеттері жалған кәсіпкерлік ретінде саралануға тиіс емес, өйткені бұл жағдайда қол сұғу объектісі болып бухгалтерлік есепке алудың және аталған бұзушылықтармен жүзеге асырылатын нақты кәсіпкерлік қызметке салық салудың белгіленген тәртібі болып табылады.»;

12-тармақта:

бірінші абзацтағы «Салық кодексінде» деген сөздер ««Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы «ҚҚС» деген аббревиатура «қосымша құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС)» деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Жалған кәсіпорынды құрған және/немесе шешімдерін айқындау құқығына ие адамдар, оның басшылары сияқты жалған кәсіпкерлікті бірге орындаушылар ретінде жауапты болады.»;

14-тармақта:

«қылмыстар» деген сөздер «қылмыстық құқық бұзушылықтар» деген сөздермен ауыстырылсын;

«177», «192» деген цифрлар тиісінше «190», «215» деген цифрлармен ауыстырылсын;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Жалған кәсіпкерлік кезінде жарамды мәмілелер, оның ішінде кредиттік мекемелермен жасалмайды, сондықтан адамның кредитті заңсыз алуы немесе алынған кредитті мақсатсыз пайдалануы ҚК-нің 215-бабы бойынша қосымша сараланбастан ҚК-нің 219-бабы бойынша ғана қудаланады. Егер жалған кәсіпкер контрагентке кредитті заңсыз алуға немесе мақсатсыз пайдалануға мүмкіндік беретін жалған келісім-шарт жасаса, онда жалған кәсіпкердің әрекеті ҚК-нің 215-бабы бойынша, ал оның контрагентінің әрекеті ҚК-нің 219-бабы бойынша саралауға жатады.»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Соттарға жалған кәсіпкерлік экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа, атап айтқанда, салықтарды төлеуден жалтару, кредитті заңсыз алу, заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге де мүлікті заңдастыру және тағы басқа түрлерін жасаудың тәсілі болып табылатындығын ескеру қажет. Демек, жалған кәсіпорындардың қызметтерін пайдаланатын адамдар осы қоғамдық қауіпті әрекеттің бенефициарлары болып табылады. Сондықтан қылмыстық істі қарау барысында істің мән-жайларын жан-жақтылы, толық және объективті зерттеу туралы ҚПК-нің

24-бабының талаптарын ескере отырып, контрагенттер басшыларының (қатысушылардың) жалған кәсіпкерлікпен ұласқан құқық бұзушылық жасауға қатысуының нақты дәлелдемелері болуы тиіс.»;

18-тармақта:

бірінші абзацтағы ««Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабының 1-тармағына» деген сөздер «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 1-тармағына» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы ««Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі)» деген сөздер «2001 жылғы 12 маусымдағы Салық кодексінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы «258-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы» деген сөздер «257-бабы 3-тармағының 1) тармақшасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақта:

«Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК) 71-бабының үшінші бөлігіне» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 76-бабының үшінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

«192» деген цифрлар «215» деген цифрлармен ауыстырылсын;

««Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің)» деген сөздер «2001 жылғы 12 маусымдағы Салық кодексінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

21-тармақта:

«192» деген цифрлар «215» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«құрған коммерциялық ұйымы» деген сөздер «құрған жеке кәсіпкерлік субъектісі» деген сөздермен ауыстырылсын;

23-тармақтағы «коммерциялық ұйымдар» деген сөздер «жеке кәсіпкерлік субъектілер» деген сөздермен ауыстырылсын;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Жалған кәсіпорын адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз құрылуына байланысты, бұл жеке кәсіпкерлік субъектісінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі соттың шешімі бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.»;

2) «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» 2004 жылғы 18 маусымдағы № 2 нормативтік қаулысына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі №1, 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге):

тақырыптағы және бүкіл мәтін бойынша «қылмыстарды», «қылмыстар», «қылмыс» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылықтарды», «қылмыстық құқық бұзушылықтар», «қылмыстық құқық бұзушылық» деген сөздермен ауыстырылсын;

бүкіл мәтін бойынша «190» деген цифрлар «214» деген цифрлармен ауыстырылсын, «Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші абзацта:

«және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және кәсіпкерлік қызметті реттейтін өзге де заңнамалық актілерде көрсетілген тәртіппен» деген сөздер «, оралмандардың, мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалардың (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің), мемлекеттік кәсіпорындардың (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілерінің) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және кәсіпкерлік қызметті реттейтін өзге де заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырылатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы «Тұлғаның тиісті органдарда алдын ала тіркелуі не осы қызметпен айналысуға рұқсат ететін өзге арнайы рұқсатының (лицензиясының) болуы» деген сөздер «Кәсіпкерлік қызмет субъектісін мемлекеттік тіркеу, қажет болған жағдайларда қызмет түрімен айналысуға арналған арнайы рұқсаттың (лицензияның) болуы және рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнаманың сақталуы»;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы кодексінің 177-бабына және 180-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жеке тұлғаның салық агенті болып табылмайтын адамдарға жалға беруден тапқан мүлдіктік табысы жеке кәсіпкердің табысына жатпайтыны назарға алына отырып, осындай адамның жеке кәсіпкер ретінде тіркеуде болмауы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (бұдан әрі – ҚК) 214-бабының құрамын құрамайды. Егер аталған адам мүлдіктік табыстан салықтарды және (немесе) басқа міндетті төлемдерді төлеуден жалтарса, онда бұған негіздер болған кезде оның әрекеттері ҚК-нің 244-бабы бойынша саралауға жатады.»;

3 және 4-тармақтар алып тасталсын;

6-тармақта:

«басқа қылмыс» деген сөздер «өзге де қоғамдық қатынастарға қол сұғатын басқа қылмыстық құқық бұзушылық (заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру, заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет және тағы басқа),» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі - ҚК) бабының» деген сөздер «ҚК-нің баптарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта:

бірінші абзацта «алынған пайда» деген сөздер «алынған таза табысты» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Ірі және аса ірі залалды, ірі және аса ірі табыс мөлшерін, елеулі зиянның айтарлықтай залалын және айтарлықтай мөлшерін анықтау кезінде соттар ҚК-нің 3-бабында келтірілген осы ұғымдардың түсіндірмесін басшылыққа алуға тиіс.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. ҚК-нің 218-бабында көзделген ақшаны немесе өзге де қылмыстық жолмен табылған мүлікті заңдастыру (жылыстату) деп мүліктің криминалдық пайда болу фактісін жасыру мақсатында, конверсия (қайта құру) түрінде мәмілелер мен өзге де формальды заңды әрекеттер жасау жолымен қылмыстық құқық бұзушылықпен табылған кірістерді заңды айналымға қосуды түсінген жөн.

Көрінеу заңсыз жолмен табылған ақшалай қаражатты немесе өзге де мүлікті бір мезгілде иемденген және заңдастырған жағдайда, кінәлі адам қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша – ҚК-нің 218-бабы және осы қаражатты немесе мүлікті заңсыз иемденгені үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заңның тиісті нормасы бойынша қылмыстық жауаптылықты көтеруге тиіс.

ҚК-нің 218-бабының мағынасы бойынша, азаматтық құқықтар мен міндеттерді анықтауға, өзгертуге немесе тоқтатуға, тап солай азаматтық құқықтар мен міндеттердің туындау немесе көшу көрінісін туғызуға бағытталған мәмілелер конверсиялық мәмілелерге жатады. Осы ретте қаржылық операциялар мен мәмілелер заңдастырылатын мүліктің негізгі қылмыстық құқық бұзушылықпен байланысын кінәлі адам үшін көрінеу жасырады, мұны мүлікті қылмыстық жолмен иемдену фактісін жасыруға және оның ашық айналымын қамтамасыз етуге бағытталған осы әрекеттердің сипаты көрсетеді.

Жасалған әрекетті ҚК-нің 218-бабы бойынша саралау үшін кінәлі адамның заңдастырылатын мүліктің қылмыстық жолмен шығу тегі туралы көрінеу білгені қажет. Осы ретте адамның негізгі қылмыстық құқық бұзушылықтың нақтылы мән-жайлары туралы білуі міндетті емес.»;

11-тармақта «194» деген цифрлар «219» деген цифрлармен ауыстырылсын;

13-тармақта «206», «177» деген цифрлар тиісінше «231», «190» деген цифрлармен ауыстырылсын;

14-тармақта «189-бабына жасалған ескертпеде» деген сөздер «3-бабында» деген сөздермен ауыстырылсын;

14-1-тармақта «220» деген цифрлар «243» деген цифрлармен ауыстырылсын;

16-тармақта «224» деген цифрлар «247» деген цифрлармен ауыстырылсын;

18-тармақта:

бірінші сөйлемде «41» деген цифрлар «50» деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші сөйлемде «41-бабының үшінші бөлігіне» деген сөздер «50-бабының екінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақта «7» деген цифр «8» деген цифрмен ауыстырылсын;

20-тармақта:

бірінші абзацта «121» деген цифрлар «118» деген цифрлармен ауыстырылсын;

үшінші абзацта «206» деген цифрлар «231» деген цифрлармен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
Төрағасы**

Қ.Мәми

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Қ.Шаухаров

НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 5 ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

7 «июля» 2016 года

город Астана

О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан

1. Внести изменения и дополнения в следующие нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан:

1) «О некоторых вопросах применения законодательства о лжепредпринимательстве» от 12 января 2009 года № 1:

пункт 1 изложить в следующей редакции:

«1. Лжепредпринимательство – вид уголовного правонарушения в сфере экономической деятельности, при котором виновное лицо создает (приобретает) и использует субъекты частного предпринимательства, а равно руководит ими, без намерения осуществлять предпринимательскую деятельность, в противоправных целях, предусмотренных диспозицией статьи 215 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК), при условии, что эти деяния причинили крупный ущерб гражданину, организации или государству.

При этом под действиями, преследовавшими цели, предусмотренные статьей 215 УК, следует понимать лишь те действия, которые расследованы и инкриминированы обвиняемому (подсудимому) в рамках конкретного уголовного дела.

Уголовное дело в части отдельных действий и обстоятельств, по которым по объективным причинам требуется дополнительная и длительная проверка на стадии досудебного расследования, может быть выделено в отдельное производство в порядке статьи 44 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК).

Применительно к статье 216 УК к субъектам частного предпринимательства, которыми совершены отдельные действия по выписке счета-фактуры без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров с целью извлечения имущественной выгоды, следует относить лиц, постоянно осуществляющих предпринимательскую деятельность и не преследующих противоправные цели системного характера. Действия же лица, создавшего (приобретшего) лжепредприятие и имитирующего при этом добросовестную предпринимательскую деятельность путем совершения лишь единичных (нескольких) действительных сделок, подлежат квалификации по статье 215 УК.»;

пункт 2 изложить в следующей редакции:

«2. Объектом посягательства при лжепредпринимательстве выступают общественные отношения в области налогообложения, кредитования и иной законной экономической деятельности.»;

в пункте 3:

абзац первый изложить в следующей редакции:

«Объективная сторона лжепредпринимательства включает в себя создание субъекта частного предпринимательства и приобретение акций (долей участия, паев) других юридических лиц, предоставляющих право определять их решение.»;

в абзаце втором слова «Коммерческая организация считается созданной с момента ее государственной регистрации,» заменить словами «Субъект частного предпринимательства считается созданным с момента его государственной регистрации,»;

в абзаце третьем слово «преступления» заменить словами «уголовного правонарушения»;

в пункте 4 слова «коммерческой организации», «преступления» заменить соответственно словами «субъекта частного предпринимательства», «уголовного правонарушения»;

в пункте 5:

в абзаце втором слова «в постановлении о привлечении в качестве обвиняемого, обвинительном заключении,», «коммерческой организации» заменить соответственно словами «в постановлении о квалификации деяния подозреваемого, обвинительном акте,», «субъекта частного предпринимательства»;

в пункте 6 после слова «создания» дополнить словом «(приобретения)»;

пункт 7 изложить в следующей редакции:

«7. Обязательным признаком лжепредпринимательства является изначальное преследование виновным лицом при создании лжепредприятия одной из целей (или нескольких одновременно), указанных в диспозиции статьи 215 УК.»;

в пункте 9 слова «примечании к статье 189» заменить словами «статья 3»;

пункт 10 изложить в следующей редакции:

«10. Сопряженный с лжепредпринимательством ущерб определяется как сумма налога, от уплаты которого уклонился контрагент, или сумма кредита, дохода, имущественной выгоды, незаконно полученной контрагентом. В этой связи ущерб, причиненный контрагентом лжепредприятия, в виде неуплаченных налогов, незаконно полученного кредита, дохода, иной выгоды, а также вина в этом руководителя (участника) контрагента подлежат доказыванию с принятием процессуального решения по данному уголовному делу либо должны быть установлены ранее принятым и вступившим

в законную силу постановлением о привлечении к административной ответственности, обвинительным приговором суда или постановлением о прекращении уголовного дела по нереабилитирующим основаниям.

Поскольку состав уголовного правонарушения, предусмотренный статьей 215 УК, полностью охватывает действия лжепредпринимателя по пособничеству контрагенту в уклонении от уплаты налогов, то эти его действия дополнительной квалификации по статье 245 УК не требуют.»;

пункт 11 изложить в следующей редакции:

«11. Если лицо фактически осуществляло реализацию товаров (работ, услуг) без отражения в бухгалтерском и налоговом учете, его действия не могут быть квалифицированы как лжепредпринимательство, поскольку объектом посягательства в этом случае будет являться установленный порядок бухгалтерского учета и налогообложения реальной предпринимательской деятельности, осуществляемой с указанными нарушениями.»;

в пункте 12:

в абзаце первом слова «Налоговым кодексом» заменить словами «Кодексом Республики Казахстан ««О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)»;

в абзаце втором аббревиатуру «НДС» заменить словами «налога на добавленную стоимость (далее – НДС)»;

пункт 13 изложить в следующей редакции:

«13. Лица, создавшие и/или обладающие правом определять решения лжепредприятия, равно как его руководитель, несут ответственность как соисполнители лжепредпринимательства.»;

в пункте 14:

цифры «192», «177» заменить соответственно цифрами «215», «190»;

слово «преступления» заменить словами «уголовные правонарушения»;

пункт 15 изложить в следующей редакции:

«15. При лжепредпринимательстве не совершаются действительные сделки, в том числе с кредитными учреждениями, поэтому незаконное получение или нецелевое использование лицом полученного кредита преследуется лишь по статье 219 УК, без дополнительной квалификации по статье 215 УК. Если же лжепредприниматель заключил фиктивный контракт, позволивший контрагенту незаконно получить или нецелевым образом использовать кредит, то действия лжепредпринимателя подлежат квалификации по статье 215 УК, а действия его контрагента по статье 219 УК.»;

пункт 17 изложить в следующей редакции:

«17. Судам следует иметь в виду, что лжепредпринимательство является способом совершения других уголовных правонарушений в сфере экономической деятельности, в частности уклонения от уплаты налогов, незаконного получения кредита, легализации денежных

средств или иного имущества, приобретенного незаконным путем, и так далее. Следовательно, бенефициарами этих общественно опасных деяний являются лица, пользующиеся услугами лжепредприятий. Поэтому с учетом требований статьи 24 УПК о всестороннем, полном и объективном исследовании обстоятельств дела в уголовном деле должны быть представлены доказательства участия руководителей (участников) контрагентов в совершении уголовных правонарушений, сопряженных с лжепредпринимательством.»;

в пункте 18:

в абзаце первом слова «пункту 1 статьи 37 Закона Республики Казахстан «О нормативных правовых актах»» заменить словами «пункту 1 статьи 43 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года № 480-V «О правовых актах»»;

в абзаце втором слова «Кодекса Республики Казахстан от 12 июня 2001 года «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)» заменить словами «Налогового кодекса от 12 июня 2001 года»;

в абзаце четвертом слова «подпункт 5 пункта 1 статьи 258» заменить словами «подпункт 1) пункта 3 статьи 257»;

в пункте 19:

слова «частью 3 статьи 71 Гражданского процессуального кодекса (далее – ГПК)» заменить словами «частью третьей статьи 76 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан»;

цифры «192» заменить цифрами «215»;

слова «Кодекса Республики Казахстан от 12 июня 2001 года «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс).» заменить словами «Налогового кодекса от 12 июня 2001 года.»;

абзац второй пункта 20 исключить;

в пункте 21:

цифры «192» заменить цифрами «215»;

слова «коммерческой организацией, созданной» заменить соответственно словами «субъектом частного предпринимательства, созданным»;

в пункте 23 слова «коммерческие организации» заменить словами «субъекты частного предпринимательства»;

пункт 24 изложить в следующей редакции:

«24. В связи с тем, что лжепредприятие создано лицом без намерения осуществлять предпринимательскую деятельность, государственная регистрация этого субъекта частного предпринимательства как юридического лица может быть признана недействительной по решению суда.»;

2) «О некоторых вопросах квалификации преступлений в сфере экономической деятельности» от 18 июня 2004 года № 2 (с изменениями и дополнениями, внесенными нормативными постановлениями Верховного

Суда Республики Казахстан от 21 апреля 2011 года №1, от 4 апреля 2014 года №1):

в заголовке и пунктах 1, 20 слова «о преступлениях» заменить словами «об уголовных правонарушениях» далее по всему тексту слова «преступлений», «преступлениях», «преступление», «преступлении», «преступления» заменить соответственно словами «уголовных правонарушений», «уголовных правонарушениях», «уголовное правонарушение», «уголовном правонарушении», «уголовного правонарушения»;

по всему тексту цифры «190» заменить цифрами «214»;

в пункте 2:

в абзаце первом слова «и юридических лиц, осуществляемую в порядке, предусмотренном Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О частном предпринимательстве» и иными законодательными актами, регулирующими предпринимательскую деятельность.» заменить словами «, оралманов, негосударственных коммерческих юридических лиц (субъектов частного предпринимательства), государственных предприятий (субъектов государственного предпринимательства), осуществляемую в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Предпринимательским кодексом Республики Казахстан и иными законодательными актами, регулирующими предпринимательскую деятельность.»;

в абзаце втором слова «регистрация лица в соответствующих органах либо наличие иного специального разрешения (лицензии) на занятие этой деятельностью.» заменить словами «государственная регистрация субъекта предпринимательской деятельности, в необходимых случаях наличие специального разрешения (лицензии) на занятие видом деятельности и соблюдение законодательства о разрешениях и уведомлениях.»;

дополнить абзацем третьим следующего содержания:

«Принимая во внимание, что согласно статье 177 и подпункту 3) пункта 1 статьи 180 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), имущественный доход физического лица от сдачи имущества в аренду лицам, не являющимся налоговыми агентами, не относится к доходу индивидуального предпринимателя, отсутствие регистрации такого лица в качестве индивидуального предпринимателя не образует состав статьи 214 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее –УК). Если указанное лицо уклоняется от уплаты налогов и (или) других обязательных платежей с имущественного дохода, то при наличии к тому оснований его действия подлежат квалификации по статье 244 УК.»;

пункты 3 и 4 исключить;

в пункте 6:

слова «другого преступления,» заменить словами «другого уголовного правонарушения, посягающего на иные общественные отношения (организация незаконного игорного бизнеса, незаконная медицинская и фармацевтическая деятельность и так далее),»;

слова «статье Уголовного кодекса (далее - УК)» заменить словами «статьей УК»;

в пункте 9:

в абзаце первом слова «прибыли, полученной» заменить словами «чистого дохода, полученного»;

абзац третий изложить в следующей редакции: «При определении крупного и особо крупного ущерба, крупного и особо крупного размера дохода, значительного ущерба и значительного размера, существенного вреда суды должны руководствоваться разъяснением этих понятий, приведенных в статье 3 УК.»;

пункт 10 изложить в следующей редакции:

«10. Под предусмотренной в статье 218 УК легализацией (отмыванием) денег или иного преступно нажитого имущества следует понимать вовлечение в законный оборот доходов от уголовных правонарушений, совершения сделок в виде конверсии (преобразования) и иных формально правомерных действий с целью сокрытия факта криминального происхождения имущества.

В случае одновременного приобретения и легализации денежных средств или иного имущества, полученных заведомо незаконным путем, виновное лицо должно нести уголовную ответственность по совокупности уголовных правонарушений - по статье 218 УК и соответствующей норме уголовного закона, предусматривающей ответственность за незаконное приобретение этих средств или имущества.

По смыслу статьи 218 УК, к конверсионным относятся сделки, направленные на установление, изменение или прекращение гражданских прав и обязанностей, а равно на создание видимости возникновения или перехода гражданских прав и обязанностей. При этом финансовые операции и сделки заведомо для виновного маскируют связь легализуемого имущества с основным уголовным правонарушением, на что указывает характер этих действий, направленный на сокрытие факта преступного приобретения имущества и обеспечение его открытого оборота.

Для квалификации содеянного по статье 218 УК необходимо, чтобы виновное лицо заведомо знало о преступном происхождении легализуемого имущества. При этом лицо не обязательно должно быть осведомлено о конкретных обстоятельствах основного уголовного правонарушения.»;

в пункте 11 цифры «194» заменить цифрами «219»;

в пункте 13:

цифры «206» заменить цифрами «231»;

слова «статей 177 УК» заменить словами «статей 190»;
в пункте 14 слова «примечании к статье 189» заменить словами «статье 3»;
в пункте 14-1 цифры «220» заменить цифрами «243»;
в пункте 16 цифры «224» заменить цифрами «247»;
в пункте 18:
в первом предложении цифры «41» заменить цифрами «50»;
во втором предложении слова «части третьей статьи 41» заменить словами «части второй статьи 50»;
в пункте 19 цифру «7» заменить цифрой «8»;
в пункте 20:
в абзаце первом цифры «121» заменить цифрами «118»;
в абзаце третьем цифры «206» заменить цифрами «231».

2. Согласно статье 4 Конституции Республики Казахстан настоящее нормативное постановление включается в состав действующего права, является общеобязательным и вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Председатель
Верховного Суда
Республики Казахстан**

К.Мами

**Судья Верховного Суда
Республики Казахстан,
секретарь пленарного заседания**

К.Шаухаров

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 6 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2016 жылғы 7 шілде

Астана қаласы

Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы

Мәмілелердің жарамсыздығы және олардың жарамсыздығының салдарларын қолдану туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының кейбір нормаларын сот практикасында біркелкі және дұрыс қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АҚ) нормаларына сәйкес сот мәмілені жарамсыз (даулы мәміле) деп таныса не осындай тануға қарамастан оның жарамсыздығы заңда тікелей көрсетілсе (мәніссіз мәміле), мәміле заңда белгіленген негіздер бойынша жарамсыз болуы мүмкін.

Даулы мәмілені жарамсыз деп тану туралы талаптарды, оның салдарлары жөніндегі талаптарды қолдану туралы талапты мүдделі адам, тиісті мемлекеттік орган не прокурор қоюы мүмкін.

Мәміленің заңмен мәніссіз деп анықталуы мүдделі адамның осындай мәмілені сот арқылы жарамсыз деп тануды талап етуіне кедергі болмайды.

Мәніссіз мәміленің жарамсыздығының салдарын қолдану туралы талапты мәніссіз мәмілені жарамсыз деп тану туралы талапты кез келген мүдделі адам қоюы мүмкін.

Сот АҚ-нің 157-бабының 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-тармақтарында көзделген жағдайларда мәмілелердің жарамсыздығының салдарларын өз бастамасы бойынша қолдануға құқылы.

2. АҚ-нің 9-бабының 1-тармағына сәйкес соттың мәмілені жарамсыз деп тануы азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдерінің бірі болып табылады.

Мәмілені жарамсыз деп тану арқылы азаматтық құқықтарды қорғауға байланысты дауларды соттар Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінде (бұдан әрі – АПК) белгіленген істер ведомстволығының және соттылығының қағидаларын сақтай отырып қарайды.

3. Егер қойылған талап жарамсыз мәміле бойынша алынған мүліктің кейін қайтарылуына байланысты болса, талап қоюдың бағасы АПК-нің 104-бабы бірінші бөлігінің 13) тармақшасына сәйкес айқындалады және талап қою арызында көрсетіледі.

Заңның осы нормасына сай барлық алынған мүліктің кейін қайтарылуына байланысты шарттарды жарамсыз деп тану туралы істер бойынша талап қою бағасы мүліктің сотқа талап қойылған күнге нарықтық құнымен айқындалады.

Егер қойылған талап мүлікті жарамсыз мәміле бойынша заттай кері қайтару мүмкін болмаған жағдайда, кері қайтарылуға жататын мүліктің құнын, мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстың немесе көрсетілген қызметтің құнын ақшалай түрде өтеуге байланысты болса, талап қоюдың бағасы АПК-нің 104-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес талап арызда айқындалады және көрсетіледі.

Аталған жағдайларда мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сотқа берілетін талап қою арыздарынан мемлекеттік баж мүліктік сипаттағы талап қою арыздарынан алынатын мөлшерде алынады («Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы кодексінің 535-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы).

Мүлікті кері қайтаруға немесе оның құнын өтеуге байланысты емес мәміленің жарамсыздығы туралы қойылған талап бойынша мемлекеттік баж мүліктік емес сипаттағы талап қою арыздарынан алынатын мөлшерде алынады (Салық кодексінің 535-бабы 1-тармағының 7) тармақшасы).

Егер мәмілені жарамсыз деп тану туралы қойылған талапты қабылдау сатысында сот талап-арызда мәмілені жарамсыз деп танудың салдарларын қолдану туралы талап көрсетілмегенін анықтаса, онда осы мән-жай талап қою арызын қабылдаудан бас тарту немесе оны кері қайтару үшін негіз болуы мүмкін емес. АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасының нормалары бұл жағдайда қолданылмайды, өйткені осы талаптың талап қою арызында болмауы талап қою арызын кері қайтаруға әкеп соғатын жойылмайтын кемшілікке жатпайды. Мәміленің жарамсыздығының салдарларын қолдану туралы талапты істі сот талқылауына дайындау сатысында сот нақтылайды.

4. АПК-нің 163-бабына сәйкес сот істі сот талқылауына дайындау сатысында істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды нақтылап, даудың қандай құқықтық қатынастан туындағанын және істі шешу кезінде заңның қандай нормалары қолдануға жататынын анықтауға тиіс.

5. Мәміленің жарамсыздығы және олардың жарамсыздығының салдарларын қолдану туралы мәселені шешу кезінде соттар осы құқықтық қатынастар туындаған кезде қолданыста болған заңнаманы басшылыққа алуға тиіс.

Жарамсыз мәмілелер бойынша қатынастарды реттеудің және олардың жарамсыздығының салдарларын қолданудың бұрынғы тәртібіне түзетулерді көздейтін нормативтік құқықтық акт, ол қолданысқа енгізілгеннен кейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады. Нормативтік құқықтық актінің не оның бөлігінің кері күші оның өзінде немесе оны қолданысқа енгізу туралы актіде көзделген кезде айырықша жағдайлар болып табылады.

6. Соттар осы санаттағы істерді қарау кезінде АҚ-нің 147-бабы бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылатынын негізге алуы қажет.

Мәмілелерді жарамсыз деп тану және олардың жарамсыздығының салдарларын қолдану туралы істерді қарауға кірісе отырып, соттар сотқа жүгініп отырған талап қоюшы қойған талаптың нысанасы мен негізін, іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлардың анықталғанын және қандай мән-жайлардың анықталмағанын, тараптардың құқықтық қатынастары қандай екенін айқындауға және осыған байланысты даулы құқықтық қатынас реттелетін материалдық нормаларды қолдануға және осы нормалардың негізінде талапты шешуге тиіс (АПК-нің 225-бабының бірінші бөлігі).

Осы мән-жай АПК-нің 4-бабына сай келеді, оның қағидалары бойынша азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, азаматтық айналымда және жария-құқықтық қатынастарда заңдылықты сақтау, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері болып табылады.

7. Мәміленің жарамсыздығының негіздерін, сондай-ақ оны жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы бар тұлғаларды анықтау кезінде соттар АҚ-нің 157-бабының 2-тармағына сәйкес олар тек АҚ-мен ғана емес (158, 159, 160, 337, 411-баптар және басқалар), сонымен қатар өзге де заңнамалық актілермен анықталатынын қаперге алуға тиіс.

Мәмілелердің жарамсыздығы туралы нормалар «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде (43-бап), «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II (74-баптың 1-тармағы), «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі № 574 (82-бабының 2-тармағы), «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV (36-бабының 14-тармағы), «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V (7-бап) Қазақстан Республикасының заңдарында және басқа да заңнамалық актілерде қамтылған.

АҚ-нің аталған нормалары және өзге де заңнамалық актілер мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы істерді қарау кезінде де, соттар осы не өзге мәмілелерге (тараптар өздерінің талаптарын және қарсылықтарын негіздеуге сілтеме жасаған) олардың жарамдылығы немесе жарамсыздығы нысанасы бойынша баға беретін басқа санаттағы істерді қарау кезінде де қолданылады.

Егер сот тараптар іс бойынша дәлелдеме ретінде осы немесе өзге мәмілелерге сілтеме жасаған дауды қарау кезінде мәміле оның нысанына, мазмұнына және қатысушыларына, сондай-ақ олардың ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылып жасалғанын анықтаған жағдайда, онда сот осы мәміленің мүдделі адамның талап қоюы бойынша

заңның талаптарына сай жарамсыз деп танылуын (даулы мәміле) немесе заңда тікелей көрсетілуіне байланысты, яғни осындай тануға қарамастан (мәніссіз мәміле), жарамсыз екенін айқындайды.

Егер сот мәміленің даулы екенін анықтаса, онда ол тараптарға осы мәмілені жарамсыз деп тану туралы сотқа дербес талаппен жүгінуге құқылы екендігін түсіндіруге тиіс.

Егер сот мәміленің заңда тікелей көрсетілгендей жарамсыз екенін анықтаса (мысалы, АҚ-нің 23-бабында (АҚ-нің 159-бабының 3-тармағы) көзделген мәмілелерден басқа, он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмаған (жас бала) жасаған жарамсыз мәмілелер), онда сот мәмілені толығымен немесе оны жекелеген шарттар бөлігінде жарамсыз деп таниды, мәміленің жарамсыз екенін растайды және оның жарамсыздығының салдарларын қолданады. Аталған мән-жайларда сотқа осындай мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қою арқылы жүгіну қажет емес.

8. Тараптардың бірінің мәміле бойынша алынғанның барлығын екінші тарапқа қайтарып беру міндеті (екітарапты реституция) түріндегі салдар, ал заттай қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда (оның ішінде, мүлікті пайдалану, орындалған жұмыс немесе көрсетілген қызмет түрінде алынған болса), қайтарылуға жататын мүліктің құнын, мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құнын ақшалай түрде өтеу, егер мәмілелер жарамсыздығының өзге де салдары АҚ-де көзделмеген жағдайда ғана қолданылады.

Мәміленің жарамсыздығының өзге де салдарлары 157-баптың 4 және 5-тармақтарында (тәркілеу), 260-бапта (виндикация) және АҚ-нің басқа да нормаларында көзделген.

9. Соттарға меншік иесінің мүлікті АҚ-нің 260-бабына сай өзгенің заңсыз иелігінен талап етуі (виндикация) бір жағдайларда мәмілені оның болмауына байланысты жарамсыз деп танымастан меншік құқығын қорғау ретінде, ал басқа жағдайларда – орын алған мән-жайларды ескере отырып, мәміленің жарамсыздығының салдарлары ретінде қолданылуы мүмкін екені түсіндірілсін.

10. Мәміленің жарамсыздығының салдарларын дұрыс қолдану мақсатында соттар мәміле тараптарын, тараптардың бірі меншік иесі болып табылатынын-табылмайтынын, жарамсыз мәміле бойынша қандай нақтылы салдарлар туындағанын және осыны негізге ала отырып, аталған салдарларды қолданудың АҚ-нің қандай нормасымен реттелетінін анықтауы қажет.

11. Егер мәмілені оны жасауға құқығы жоқ адам жасаса, онда мәміленің жарамсыздығының салдарлары, жалпы қағида бойынша, меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иелігінен АҚ-нің 260-бабының негізінде талап етуі түрінде туындайды (виндикация).

12. Меншік иесі мүлікті басқа адамдардан талап етуді жүзеге асырған жағдайларда, салдарларды виндикация түрінде қолдану мына мән-жайлардың болуына немесе болмауына: мүлікті иеліктен шығару жөніндегі мәміленің ақылы немесе ақысыз болып табылатынына-табылмайтынына; иеленушінің

адалдығына немесе жосықсыздығына; мүлікті меншік иесінің иелігінен соңғының еркінен тыс немесе оның еркімен айыру тәсіліне байланысты.

АК-нің 261-бабының 2-тармағына сәйкес, егер мүлік оны иеліктен шығаруға құқығы жоқ адамнан өтеусіз түрде алынса, меншік иесі барлық жағдайларда мүлікті талап етіп алдыруға құқылы.

Орын алған жағдайға, мәміленің жасалу орнына, бағаларға және басқа да факторларға қарап, сатушының осы мүлікке иелік ету құқығының болмағаны туралы білген немесе болжаған адам жосықсыз иеленуші болып табылады. Осындай мән-жайлар кезінде меншік иесінің барлық жағдайларда да өзінің мүлкін виндикациялауға құқығы бар.

Адал алушы - бұл оған мүлік ақылы түрде берілгенге дейін осы мүлік сатылып алынған адамның оны иеліктен шығаруға құқығы болмағанын білмеген және білуге тиіс болмаған адам (АК-нің 261-бабының 1-тармағы).

Егер даулы мүлікке қатысты ақылы мәміле жасау кезінде үшінші тұлғалардың заңды талаптары болса, олар туралы ол білсе және осындай талаптар кейіннен белгіленген тәртіппен жөні бар деп танылса, алушы адал болып саналуы мүмкін емес.

13. Соттар мәміленің жарамсыздығының салдарларын қараған кезде адамды адал иеленуші деп тану туралы жауапкердің қарсы талап қоюы талап етілмейді, өйткені бұл мәселені шешу іс бойынша дәлелдемелерге баға беру кезінде соттың міндетіне кіреді.

Соттың иеленушіні адал иеленуші деп тануы адал иеленушіден мүлікті талап ету туралы меншік иесі қойған талапты қанағаттандырудан бас тартуы үшін негіз болып табылмайды.

Меншік иесі АК-нің 261-бабында көзделген негіздер болған жағдайда ғана адал алушыдан мүлікті талап етуі мүмкін (адал алушының мүлікті өтеусіз алуы, меншік иесінің немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адамның мүлікті жоғалтуы не мұның екеуінен де ұрлануы не бұлардың еркінен тыс өзге жолмен олардың иелігінен шығып қалуы).

Мүлікті адал алушыдан талап ету құқығын беретін негіздерді зерделей отырып, соттар мүліктің меншік иесінің еркінен тыс шығып кету фактісін анықтау үшін олардың туындау мән-жайларын айқындағаны жөн. Сот бұл фактіні мән-жайларды және тараптар ұсынған дәлелдемелерді негізге алып, әрбір нақтылы іс бойынша жеке анықтауға тиіс.

Мүлікті меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адам жоғалтқан жағдайда мүлікті адал иеленушіден талап ету туралы мәселені шешу кезінде соттар мән-жайларды және айырылуға әкеп соққан себептерді назарға алуға және баға беруге тиіс.

Меншік иесінің мүлікті басқа адамның иелігіне беру (жалға беру, өтеусіз пайдалану, сақтау шарттары бойынша және тағы сол сияқты) негізі құқыққа сыйымды әрі заңды болуға тиіс.

Мүліктің иеліктен шығуының өзге жолдарына, атап айтқанда алдаудың, күш қолданудың, қорқытудың әсерімен мәмілелерді жасау, меншік иесі

өкілінің адасудың әсерімен басқа адаммен теріс ниетпен келісім жасауы және тағы басқа жағдайлар жатады.

Орынды сақтық, парасаттылық, құнттылық танытқан адал алушының мүдделері, егер меншік иесі сотта мүлікті меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адам жоғалтқанын, не біреуінен немесе екіншісінен ұрланғанын не бұлардың еркінен тыс өзге жолмен олардың иелігінен шығып қалғанын дәлелдемеген жағдайда ғана қорғалуға жатады.

14. Мәміленің жарамсыздығының салдарларын қолдану кезінде, егер сот бір (бірінші) жарамсыз мәмілені жасаудың нәтижесінде даулы мүлікті келесі мәмілелердің негізінде жаңа алушының қайтадан иеліктен шығарғанын анықтаса, екіжақты реституция салдар ретінде қолданылмайтынын соттардың ескергені жөн.

Соттың АПК-нің 157-бабының 8-тармағы бойынша бірінші мәмілені жарамсыз деп тануы оның жарамсыздығына байланысты емес заңдық салдарларды қоспағанда, қандай да бір заңдық салдарларға әкеп соқпайды және егер АҚ-де, заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе немесе мәміленің мәнінен немесе мазмұнынан өзгеше туындамаса, жасалған сәттен бастап жарамсыз болып танылады.

Мәмілені жарамсыз деп танудың салдарынан талап қоюшыда АҚ-нің 260 және 261-баптарының тәртібімен адал иеленушіден мүлікті талап ету не жарамсыз мәмілелер бойынша өзге де салдарды қолдану құқығы туындайды.

15. Соттар мәмілелер жарамсыздығының салдарлары ретінде қолданылатын реституция мен виндикацияның мақсаттары ұқсас: жоғалтқан мүлікті қайтару болатынын түсіндірсін.

Реституция кезінде жарамсыз мәміле бойынша алынған мүлікті қайтару туралы талап жалпы қағида бойынша алынған мүлік үшін осы мүліктің барлығын кері қайтаруға әкеп соғады. Виндикация кезінде талап қоюшы мен жауапкердің арасында міндеттемелік қатынастардың болмауына байланысты, соңғысы талап қоюшыға (виндикантқа) қандай да бір талаптарды мәлімдей алмайды.

Мәміленің жарамсыздығының салдары ретінде виндикацияны қолдану жауапкерді оның даулы мүлкін сатқан адамға жарамсыз мәміле бойынша алынған ақша қаражатын немесе өзге де мүлікті қайтару туралы өз бетімен талап қою, сондай-ақ келтірілген залалды өтеуді талап ету құқығынан айырмайды.

16. АҚ-нің нормаларында мүлікті адал алушыдан талап ету бойынша шектеу жағдайлары көзделеді.

АҚ-нің 262-бабы бойынша ақшалар, сондай-ақ ұсынушыға арналған бағалы қағаздар адал иеленушіден талап етілуі мүмкін емес.

АҚ-нің 261-бабының 3-тармағына сәйкес егер мүлік сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіпте сатылса, осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мүлікті талап етіп алуға жол берілмейді.

Мұндай құқықтық реттеу сот актілерінің орындалуының тұрақтылығын қамтамасыз ету және адал алушыны қорғау мақсаттарына сай келеді.

Осы норманың мағынасы мен мазмұны бойынша сот шешімін орындау тәртібімен сатылған мүлікті талап етуге сот орындаушының әрекеттері, оның ішінде өткізілген сауда-саттықтың нәтижелері заңсыз деп танылған жағдайда ғана мүмкін болады.

17. Жарамсыз мәмілені және оның жарамсыздық салдарларын қолдану туралы мәселелер тек азаматтық істі қарау кезінде ғана емес, қылмыстық істі қарау кезінде де қолданылатынына соттардың назары аударылсын.

Атап айтқанда, жалған кәсіпкерлік туралы қылмыстық істі қарау кезінде сотталушының мүліктік пайда табу фактісін анықтаған соттар, олар құқықтық тәртіп негіздеріне немесе адамгершілікке көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалғандықтан, кәсіпкерлік қызметпен айналысу ниетінің болғанын куәландырмайтын (ақша қаражаттарын қолма қол ақшаға айналдыру, делдалдық қызметтер және тағы сол сияқтылар) және заңға сәйкес жарамсыз болып табылатын (мәніссіз), нысаны бойынша заңды, бірақ мақсаты мен мазмұны бойынша жалған болып табылатын мәмілелерге баға беруге тиіс (АПК-нің 158-бабы 1-тармағы).

Сот қылмыстық істі қарау кезінде сотталушының меншігінде тұрған мүліктің қылмыстық жолмен табылғанын не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынғанын, үшінші тұлғаларға ресімделгенін анықтаған жағдайда, сот осындай мәмілелерді қарай отырып, оларды заң бойынша жарамсыз (мәніссіз) мәміле ретінде бағалап, АҚ-нің 158-бабының 1-тармағын басшылыққа алуға тиіс.

Сот мәміленің қылмыстық мақсаттарға бағытталғанын анықтап және екі тараптың да жымысқы ниеті болған кезде АҚ-нің 157-бабы 4-тармағының негізінде мәміленің жарамсыздығының салдарларын тараптар заңсыз мәміле бойынша алған немесе алуға арналған барлық мүлікті тәркілеу түрінде қолдану туралы шешім қабылдайды.

Бір тарап осындай мәмілені орындаған кезде басқа тараптан ол алғанның бәрі және мәміле бойынша бірінші тарапқа одан тиесілінің бәрі тәркіленуге жатады. Тараптардың бірде бірі орындауға кіріспесе, мәміле бойынша орындау үшін көзделгеннің бәрі тәркіленуге жатады.

Егер сот қылмыстық мақсатқа жету жөніндегі жымысқы ниеттің тараптардың бірінде ғана бар екенін анықтаса, онда оның мәміле бойынша алғандарының бәрі басқа тарапқа қайтарылуға жатады, ал соңғының алғандары не мәміле бойынша оған тиесілінің бәрі тәркіленуге тиіс (АҚ-нің 157-бабының 4-тармағы).

Мүлікті тәркілеу бір жақтылы реституция жағдайында, сондай-ақ мәміленің жарамсыздығына кінәлі тараптың мүлкі мемлекет кірісіне өндірілген не екі тараптың да арам ниеті болған кезде тараптардың мәміле бойынша алған барлық мүлкі өндірілген кезде мәміленің жарамсыздығының салдарлары ретінде қолданылатынын соттар назарда ұстаулары қажет.

Сотталғанның меншігі болып табылатын, сондай-ақ қылмыс жасау тәсілі немесе құралы болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін мемлекет меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алу түрінде қолданылатын мүлікті тәркілеу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (бұдан әрі – ҚК) көзделген жағдайларда қосымша жаза түрі болып табылады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде қолданылатын мүлікті тәркілеуге қарағанда, азаматтық-құқықтық қатынастарда тәркілеу санкция ретінде, оның ішінде ҚК-нің нормаларымен (мысалы, ҚК-нің 215-бабының бірінші бөлігі – жалған кәсіпкерлік бойынша) қылмыстық сот ісін жүргізуде тәркілеу қосымша жаза ретінде белгіленбеген жағдайларда да мәміле жарамсыздығының салдары болып табылады.

18. Сот істің нақты мән-жайларын ескере отырып, ҚК-нің 157-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген салдарларды жарамсыз мәміле бойынша алынған не алынуға жататын мүлікті тәркілеу бөлігінде ішінара не толық қолданбауға құқылы. Онда осы бөлікте АҚ-нің 157-бабының 3-тармағында көзделген салдарлар туындайды.

19. АҚ-нің 157-бабының 1-тармағына сәйкес мәміленің нысанына, мазмұнына және қатысушыларына, сондай-ақ олардың ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған жағдайда мәміле мүдделі тұлғалардың, тиісті мемлекеттік органның не прокурордың талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Осы ретте мүдделі тұлға деп көрсетілген мәмілені жасаудың нәтижесінде құқықтары және заңды мүдделері бұзылған немесе бұзылуы мүмкін тұлға түсініледі.

Егер даулы мүліктің меншік иесі болып табылмайтын мүдделі тұлға мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қою арқылы сотқа жүгінсе, онда мәміленің жарамсыздығының салдарларын қолдану туралы мәселені шешу кезінде осы тұлғалардың заттық құқықтары қорғалуға жатады.

АҚ-нің 265-бабының мағынасы мен мазмұны бойынша АҚ-нің 259, 260, 261, 262, 263 және 264-баптарында көзделген құқықтар меншік иесі болмағанымен, бірақ заңды негізде мүлікті иеленетін адамға да тиесілі. Осы адам өз иелігін меншік иесінен де қорғауға құқылы.

20. АҚ-нің 160-бабының 1-тармағына сәйкес заңдық салдарлар туғызу ниетін көздемей, тек көз алдау үшін ғана жасалған жалған мәміле жарамсыз болады.

Тараптардың белгілі бір әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) болуымен немесе болмауымен және іс бойынша басқа да дәлелдемелермен (мысалы, мүліктің берілмеуі және сол сияқты) расталуы мүмкін белгілі бір заңдық салдарлардың туындауына тараптардың мәміле бойынша еркінің болмауы жалған мәмілелердің жарамсыздығына (мәніссіз болуына) әкеп соғады.

21. Бүркемеленген мәміле бойынша істерді қарау кезінде соттар АҚ-нің 160-бабының 2-тармағының мағынасын негізге алулары қажет. Заңның аталған нормаларының қағидалары бойынша мәмілелердің қаралып отырған санаты екі түрден: бүркемелейтін және (бүркемеленген) мәміледен тұрады

(мысалы, сатып алу және сату шарты сенімхатпен, қарыз және одан кейінгі кепілдік шарты сыйға тарту, сату және сатып алу шарттарын ресімдеумен, өсиет шарты сыйға тарту шартымен бүркемеленеді және сол сияқты).

Басқа мәмілені жасыру мақсатында қулықпен жасалған мәміле жарамсыз (мәніссіз) болып табылады. Сондықтан мәміленің сипатын ескере отырып, соттар тараптар шын мәнінде ойлаған мәмілеге қатысты қағидаларды қолдануы қажет.

22. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310-III Заңының 33-бабына сәйкес құқықтық кадастрдың тіркеу парағындағы жазбалардың күшін жоюды соттың заңды күшіне енген шешімінің негізінде тіркеуші орган жүзеге асырады.

Ауыртпалықтардың болуы мәмілені немесе өзге де құқық белгілейтін құжатты жарамсыз деп тану туралы сот актісінің орындалуына кедергі болмауға тиіс.

Ауыртпалықтар болған кезде жылжымайтын мүлікке құқықтың туындағанын тіркеу туралы жазбаның күші жойылған жағдайда тіркеуші орган сот актісі келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде кепіл ұстаушыны немесе шешімі бойынша шектеу қойылған тиісті уәкілетті органды құқықтық кадастрдың тіркеу парағындағы жазбаның күші жойылғаны туралы хабардар етуге тиіс.

Осыған байланысты, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді заңсыз, жарамсыз деп тану туралы, құқықтық кадастрдың тіркеу парағындағы жазбаның күшін жою туралы талапкердің талап қоюы қанағаттандырылуға жатпайды.

Уәкілетті орган заңды күшіне енген сот актілерінің негізінде құқықтық кадастрдың тіркеу парағындағы жазбаның күшін жоюдан бас тартқан жағдайда, осы бас тартудан құқығы бұзылған адам АПК-нің 29-тарауында белгіленген тәртіппен көрсетілген әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдануға құқылы.

23. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
Төрағасы**

Қ.Мәми

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Қ.Шаухаров

НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 6 ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

7 июля 2016 года

город Астана

О некоторых вопросах недействительности сделок и применении судами последствий их недействительности

В целях единообразного и правильного применения в судебной практике некоторых норм законодательства Республики Казахстан о недействительности сделок и применении последствий их недействительности пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан

постановляет:

1. Согласно нормам Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее - ГК) сделка может быть недействительна по основаниям, установленным законом, в силу признания ее таковой судом (оспоримая сделка) либо независимо от такого признания в силу прямого указания на ее недействительность в законе (ничтожная сделка).

Требования о признании оспоримой сделки недействительной, применение требований о ее последствиях могут быть предъявлены заинтересованным лицом, надлежащим государственным органом либо прокурором.

Установленная законом ничтожность сделки не препятствует заинтересованному лицу требовать судебного признания недействительности такой сделки.

Требование о применении последствий недействительности ничтожной сделки может быть предъявлено любым заинтересованным лицом независимо от того, заявлено ли требование о признании ничтожной сделки недействительной.

Суд вправе применить последствия недействительности сделки по собственной инициативе в случаях, предусмотренных пунктами 3,4,5,6,7,8 и 9 статьи 157 ГК.

2. Согласно пункту 1 статьи 9 ГК признание судом сделки недействительной является одним из способов защиты гражданских прав.

Споры, связанные с защитой гражданских прав путем признания сделки недействительной, рассматриваются судами с соблюдением правил подведомственности и подсудности дел, установленных Гражданским процессуальным кодексом Республики Казахстан (далее – ГПК).

3. Если иск связан с последующим возвратом имущества, полученного по недействительной сделке, цена иска определяется и указывается в исковом заявлении в соответствии с подпунктом 13) части первой статьи 104 ГПК.

Согласно данной норме закона, по делам о признании недействительными договоров, связанных с последующим возвратом всего полученного имущества, цена иска определяется рыночной стоимостью имущества на день предъявления иска в суд.

Цена иска определяется и указывается в исковом заявлении в соответствии с подпунктом 1) части первой статьи 104 ГПК, если иск связан с возмещением стоимости подлежащего возврату имущества, стоимости пользования имуществом, выполненных работ или оказанных услуг в денежном выражении в случае невозможности возврата имущества в натуре по недействительной сделке.

В указанных случаях государственная пошлина с подаваемых в суд исковых заявлений о признании недействительными сделок взимается как с исковых заявлений имущественного характера (подпункт 1) пункта 1 статьи 535 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)).

По иску о недействительности сделки, не связанному с возвратом имущества или с возмещением его стоимости, государственная пошлина взимается как с исковых заявлений неимущественного характера (подпункт 7) пункта 1 статьи 535 Налогового кодекса).

Если на стадии принятия иска о признании сделки недействительной суд установит, что в исковом заявлении не указано требование о применении последствий признания сделки недействительной, то данное обстоятельство не может являться основанием для отказа в принятии искового заявления или его возвращения. Нормы подпункта 3) части первой статьи 152 ГПК в этом случае неприменимы, поскольку отсутствие в исковом заявлении данного требования не относится к неустранимому недостатку, влекущему возвращение искового заявления на основании статьи 152 ГПК. Требование о применении последствий недействительности сделки уточняется судом на стадии подготовки дела к судебному разбирательству.

4. В соответствии со статьей 163 ГПК на стадии подготовки дела к судебному разбирательству суд должен уточнить обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения дела, определить, из какого правоотношения возник спор и какие нормы закона подлежат применению при разрешении дела.

5. При разрешении вопроса о недействительности сделок и применении последствий их недействительности суды должны руководствоваться законодательством, действующим на момент возникновения этих правоотношений.

Нормативный правовой акт, предусматривающий поправки в прежний порядок регулирования отношений по недействительной сделке и применение последствий ее недействительности, применяется к правоотношениям, возникшим после введения его в действие. Исключения составляют случаи, когда обратная сила нормативного правового акта или его части предусмотрена им самим или актом о введении его в действие.

6. При рассмотрении дел данной категории судам необходимо исходить из того, что в силу статьи 147 ГК сделками признаются действия граждан и юридических лиц, направленные на установление, изменение или прекращение гражданских прав и обязанностей.

Приступая к рассмотрению дел о признании сделок недействительными и применении последствий их недействительности, суды должны определить предмет и основание иска, по которым истец обращается в суд, какие обстоятельства, имеющие значение для дела, установлены и какие не установлены, каковы правоотношения сторон, и в зависимости от этого применять нормы материального права, которыми регулируется спорное правоотношение, и на основании этих норм разрешать иск (часть первая статьи 225 ГПК).

Данное обстоятельство согласуется с требованиями статьи 4 ГПК, по правилам которой задачами гражданского судопроизводства являются защита и восстановление нарушенных или оспариваемых прав, свобод и законных интересов граждан, государства и юридических лиц, соблюдение законности в гражданском обороте и публично-правовых отношениях, содействие мирному урегулированию спора, предупреждение правонарушений и формирование в обществе уважительного отношения к закону и суду.

7. При выяснении оснований недействительности сделки, а также лиц, имеющих право требовать признания ее недействительной, судам следует исходить из того, что согласно пункту 2 статьи 157 ГК они устанавливаются не только ГК (статьи 158, 159, 160, 337, 411 и другие), но и иными законодательными актами.

Нормы о недействительности сделок содержатся в Кодексе Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье» (статья 43), Законах Республики Казахстан от 13 мая 2003 года № 415-ІІ «Об акционерных обществах» (пункт 1 статьи 74), от 6 июля 2004 года № 574-ІІ «О внутреннем водном транспорте» (пункт 2 статьи 82), от 24 июня 2010 года №291-ІV «О недрах и недропользовании» (пункт 14 статьи 36), от 7 марта 2014 года №176-V «О реабилитации и банкротстве» (статья 7) и других законодательных актах.

Указанные нормы ГК и иные законодательные акты применяются как при рассмотрении дел о признании сделок недействительными, так и при рассмотрении других категорий дел, где судами дается оценка тем или иным сделкам (на которые ссылаются стороны в обоснование своих требований и возражений) на предмет их действительности или недействительности.

В случае, если суд при рассмотрении спора, в котором стороны ссылаются на те или иные сделки как на доказательства по делу, установит, что сделка совершена с нарушением требований, предъявляемых к форме, содержанию, участникам сделки, а также к свободе их волеизъявления, то суд определяет, должна ли эта сделка согласно требованиям закона признаваться судом недействительной по иску заинтересованного лица (оспоримая сделка) либо она недействительна в силу прямого указания закона, то есть независимо от такого признания (ничтожная сделка).

Если суд установит, что сделка является оспоримой, то он должен разъяснить сторонам их право на обращение в суд с самостоятельным требованием о признании данной сделки недействительной.

В случае если будет установлено, что сделка недействительна в силу прямого указания закона (к примеру, недействительна сделка, совершенная лицом, не достигшим четырнадцати лет (малолетним), кроме сделок, предусмотренных статьей 23 ГК (пункт 3 статьи 159 ГК), то суд оценивает сделку как недействительную полностью или в части ее отдельных условий, констатирует недействительность сделки и применяет последствия ее недействительности. При таких обстоятельствах обращение в суд с иском о признании такой сделки недействительной не требуется.

8. Последствия в виде обязанности возврата одной из сторон другой всего полученного по сделке (двусторонняя реституция), а при невозможности возврата в натуре (в том числе, когда полученное выражается в пользовании имуществом, выполненной работе или предоставленной услуге) возмещение стоимости подлежащего возврату имущества, стоимости пользования имуществом, выполненных работ или оказанных услуг в денежном выражении применяются только в случае, если иные последствия недействительности сделок не предусмотрены ГК.

Иные последствия недействительности сделки предусмотрены в пунктах 4 и 5 статьи 157 (конфискация), статье 260 (виндикация) и других нормах ГК.

9. Разъяснить судам, что истребование имущества собственником из чужого незаконного владения (виндикация) согласно статье 260 ГК в одних случаях может применяться как защита права собственности без признания сделки недействительной вследствие ее отсутствия, а в других случаях - как последствия недействительной сделки с учетом имеющихся обстоятельств.

10. В целях правильного применения последствий недействительности сделки судам необходимо установить стороны по сделке, является ли одна из

сторон собственником имущества, какие конкретно наступили последствия по недействительной сделке и, исходя из этого, определить, какой нормой ГК регулируется применение таких последствий.

11. Если сделка совершена лицом, которое не имело права ее совершать, то последствия недействительности сделки, по общему правилу, наступают в виде истребования имущества собственником из чужого незаконного владения на основании статьи 260 ГК (виндикация).

12. В случаях, когда истребование имущества осуществляется собственником у других лиц, применение последствий в виде виндикации зависит от наличия или отсутствия следующих обстоятельств: является ли сделка по отчуждению имущества возмездной или безвозмездной; от добросовестности или недобросовестности приобретателя; способа выбытия имущества из владения собственника: помимо воли последнего или по его воле.

В соответствии с пунктом 2 статьи 261 ГК, если имущество приобретено безвозмездно от лица, которое не имело права его отчуждать, собственник вправе истребовать имущество во всех случаях.

Недобросовестным приобретателем является тот, кто мог знать или предполагать из сложившейся обстановки, места совершения сделки, цены и других подобных факторов о том, что продавец не имел права распоряжаться данным имуществом. При таких обстоятельствах собственник имеет право на виндикацию своего имущества во всех случаях.

Добросовестный приобретатель – это лицо, которое до передачи ему имущества по возмездной сделке не знало или не должно было знать о том, что лицо, у которого приобретено это имущество, не имело права его отчуждать (пункт 1 статьи 261 ГК).

Приобретатель не может быть признан добросовестным, если к моменту совершения возмездной сделки в отношении спорного имущества имелись юридические притязания третьих лиц, о которых ему было известно, и если такие притязания впоследствии признаны в установленном порядке правомерными.

13. При рассмотрении судами последствий недействительности сделки предъявление ответчиком встречных требований о признании лица добросовестным приобретателем не требуется, так как разрешение этого вопроса входит в обязанность суда при оценке доказательств по делу.

Признание судом приобретателя добросовестным не является основанием для отказа в удовлетворении предъявленного собственником иска об истребовании имущества у добросовестного приобретателя.

Истребование собственником имущества у добросовестного приобретателя возможно только при наличии оснований, предусмотренных статьей 261 ГК (безвозмездность приобретения имущества добросовестным приобретателем, утеря имущества собственником или лицом, которому

имущество было передано собственником во владение, либо похищение у того или другого лица, либо выбытие из их владения иным путем помимо их воли).

Исследуя основания, которые дают право истребовать имущество у добросовестного приобретателя, судам следует выяснять обстоятельства их наступления для установления факта выбытия имущества помимо воли его собственника. Данный факт должен устанавливаться судом по каждому конкретному делу отдельно, с учетом обстоятельств и представленных сторонами доказательств.

При разрешении вопроса об истребовании имущества у добросовестного приобретателя в случае утери имущества собственником или лицом, которому имущество было передано собственником во владение, судам следует принимать во внимание и давать оценку обстоятельствам и причинам, приведшим к потере.

Основание передачи имущества собственником во владение другого лица (по договорам аренды, безвозмездного пользования, хранения и тому подобное) должно быть правомерным и законным.

К иным путям выбытия имущества относятся, в частности, такие случаи, как совершение сделок под влиянием обмана, насилия, угрозы, злонамеренного соглашения представителя собственника с другим лицом, под влиянием заблуждения и другие.

Интересы добросовестного приобретателя, проявившего разумную осторожность, добросовестность, осмотрительность, подлежат защите только в том случае, если собственник не докажет в суде, что имущество утеряно собственником или лицом, которому имущество было передано собственником во владение, либо похищено у того или другого, либо выбыло из их владения иным путем помимо их воли.

14. При применении последствий недействительности сделки судам следует учесть, что двусторонняя реституция не может быть применена как последствие в случае, если суд установит, что в результате совершения одной (первой) недействительной сделки спорное имущество вновь отчуждено новым приобретателям на основании последующих сделок.

Признание судом первой сделки недействительной в силу пункта 8 статьи 157 ГК не влечет каких-либо юридических последствий, за исключением тех, которые связаны с ее недействительностью, и недействительна с момента ее совершения, если иное не предусмотрено ГК, законодательными актами или не вытекает из существа или содержания сделки.

Вследствие признания сделки недействительной у истца возникает право на истребование имущества из чужого незаконного владения у добросовестного приобретателя в порядке статей 260 и 261 ГК либо на применение иных последствий по недействительным сделкам.

15. Разъяснить судам, что реституция и виндикация, применяемые в качестве последствий недействительности сделок, имеют схожие цели, возврат утраченного имущества.

При реституции требование о возврате полученного имущества по недействительной сделке по общему правилу влечет возврат встречного предоставления за полученное имущество. При виндикации ввиду отсутствия обязательственных отношений между истцом и ответчиком последний не может заявлять какие-либо требования к истцу (виндиканту).

Применение виндикации, как последствия недействительности сделки, не лишает ответчика права на подачу самостоятельного иска к лицу, реализовавшего ему спорное имущество, о возврате полученных по недействительной сделке денежных средств или иного имущества, а также требовать возмещения причиненного ущерба.

16. Нормами ГК предусматриваются случаи ограничения по истребованию имущества у добросовестного приобретателя.

В силу статьи 262 ГК деньги, а также ценные бумаги на предъявителя не могут быть истребованы от добросовестного приобретателя.

В соответствии с пунктом 3 статьи 261 ГК истребование имущества по основаниям, указанным в пункте 1 данной статьи, не допускается, если имущество было продано в порядке, установленном для исполнения судебных решений. Такое правовое регулирование отвечает целям обеспечения стабильности исполнения судебных актов и защиты добросовестного приобретателя.

По смыслу и содержанию данной нормы, истребование имущества, проданного в порядке исполнения судебного решения, возможно только в случае признания незаконными действий судебного исполнителя, в том числе результатов проведенных торгов.

17. Обратить внимание судов на то, что вопросы о недействительности сделки и применении ее последствий применяются не только при рассмотрении гражданских, но и уголовных дел.

В частности, при рассмотрении уголовного дела о лжепредпринимательстве суды, установившие факт извлечения подсудимым имущественной выгоды, должны дать оценку законным по форме, но фиктивным по цели и содержанию сделкам, которые не свидетельствуют о намерении заниматься предпринимательской деятельностью (обналичивание денежных средств, посреднические услуги и тому подобное) и являются недействительными в силу указания закона (ничтожными), поскольку они совершены с целью, заведомо противоречащей основам правопорядка или нравственности (пункт 1 статьи 158 ГК).

В случае, когда суд при рассмотрении уголовного дела установит, что имущество, которое находилось в собственности подсудимого, добыто преступным путем либо приобретено на средства, добытые преступным

путем, оформлено на третьих лиц, то рассматривая такие сделки, суд также должен руководствоваться пунктом 1 статьи 158 ГК, оценивая их как недействительные (ничтожные) по закону.

Суд, установив, что сделка направлена на достижение преступных целей и при наличии умысла у обеих сторон, на основании пункта 4 статьи 157 ГК принимает решение о применении последствий недействительности сделки в виде конфискации всего имущества, полученного сторонами по незаконной сделке или предназначенного к получению.

При исполнении такой сделки одной стороной у другой стороны подлежит конфискации все, полученное ею, и все, причитающееся с нее по сделке первой стороне. В случае, когда ни одна из сторон не приступила к исполнению, конфискации подлежит все, предусмотренное сделкой к исполнению.

Если судом будет установлено наличие умысла на достижение преступной цели лишь у одной из сторон, то все, полученное ею по сделке, подлежит возвращению другой стороне, а полученное последней либо причитавшееся ей по сделке подлежит конфискации (пункт 4 статьи 157 ГК).

Судам необходимо иметь в виду, что конфискация имущества как последствие недействительной сделки применяется в случае односторонней реституции, а также в случае отсутствия реституции, когда в доход государства взыскивается имущество стороны, виновной в недействительности сделки, либо взыскивается все имущество, полученное сторонами по сделке, признанной недействительной, при наличии умысла у обеих сторон.

Конфискация имущества, применяемая в виде принудительного безвозмездного изъятия в собственность государства всего или части имущества, являющегося собственностью осужденного, а также имущества, являющегося орудием или средством совершения преступления, является дополнительным видом наказания в случаях, предусмотренных Уголовным кодексом Республики Казахстан (далее – УК).

В отличие от конфискации имущества, применяемой в уголовном судопроизводстве, конфискация как санкция в гражданско-правовых отношениях является последствием недействительности сделки, в том числе и в уголовном судопроизводстве, в случаях, когда нормами УК не установлена конфискация в виде дополнительного наказания (к примеру, по части первой статьи 215 УК - лжепредпринимательство).

18. С учетом конкретных обстоятельств дела суд вправе не применять частично либо полностью последствия, предусмотренные пунктами 4 и 5 статьи 157 ГК, в части конфискации имущества, полученного либо подлежащего получению по недействительной сделке. Тогда в этой части наступают последствия, предусмотренные пунктом 3 статьи 157 ГК.

19. В соответствии с пунктом 1 статьи 157 ГК при нарушении требований, предъявляемых к форме, содержанию и участникам сделки, а также к свободе их волеизъявления сделка может быть признана недействительной по иску заинтересованных лиц, надлежащего государственного органа либо прокурора.

При этом под заинтересованным лицом понимается лицо, права и законные интересы которого нарушены или могут быть нарушены в результате совершения указанной сделки.

Если в суд с иском о признании сделки недействительной обратилось заинтересованное лицо, не являющееся собственником спорного имущества, то при решении вопроса о применении последствий недействительности сделки защите подлежат вещные права этих лиц.

По смыслу и содержанию статьи 265 ГК, права, предусмотренные статьями 259, 260, 261, 262, 263 и 264 ГК, принадлежат также лицу, хотя и не являющемуся собственником, но владеющему имуществом на законном основании. Это лицо имеет право на защиту его владения также против собственника.

20. В соответствии с пунктом 1 статьи 160 ГК недействительна мнимая сделка, совершенная лишь для вида, без намерения вызвать юридические последствия.

Отсутствие воли сторон по сделке на наступление определенных юридических последствий, которое может подтверждаться наличием или отсутствием определенных действий (бездействия) сторон и другими доказательствами по делу (к примеру, отсутствие передачи имущества и тому подобное) влечет недействительность (ничтожность) мнимых сделок.

21. При рассмотрении дел по притворным сделкам судам необходимо исходить из смысла пункта 2 статьи 160 ГК. По правилам названной нормы закона, рассматриваемая категория сделок состоит из двух видов: прикрывающая (притворная) и прикрываемая (к примеру, договор купли-продажи прикрывается выдачей доверенности, договор займа и следующий за ним договор залога - оформлением договоров дарения, купли-продажи, завещания - договором дарения и тому подобное).

Притворная сделка, совершенная с целью прикрыть другую сделку, недействительна (ничтожна). Поэтому судам необходимо применять правила, относящиеся к той сделке, которую стороны действительно имели в виду, с учетом характера сделки.

22. В соответствии со статьей 33 Закона Республики Казахстан от 26 июля 2007 года № 310-III «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество» аннулирование записей в регистрационном листе правового кадастра осуществляется регистрирующим органом на основании решения суда, вступившего в законную силу.

Наличие обременений не должно препятствовать исполнению судебного акта о признании сделки или иного правоустанавливающего документа недействительными.

В случае аннулирования записи о регистрации возникновения права на недвижимое имущество при наличии обременений регистрирующий орган должен в течение семи рабочих дней со дня поступления судебного акта уведомить залогодержателя или соответствующий уполномоченный орган, по решению которого наложено ограничение, о произведенном аннулировании записи в регистрационном листе правового кадастра.

В связи с этим не подлежат удовлетворению требования истца о признании недействительной, незаконной государственную регистрацию прав на недвижимое имущество, об аннулировании записей в регистрационном листе правового кадастра.

В случае отказа уполномоченного органа в аннулировании записей в регистрационном листе правового кадастра на основании актов суда, вступивших в законную силу, лицо, чьи права нарушены данным отказом, вправе обжаловать указанные действия (бездействие) в порядке, установленном главой 29 ГПК.

23. Согласно статье 4 Конституции Республики Казахстан настоящее нормативное постановление включается в состав действующего права, является общеобязательным и вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Председатель
Верховного Суда
Республики Казахстан**

К.Мами

**Судья Верховного Суда
Республики Казахстан,
секретарь пленарного заседания**

К.Шаухаров

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
2009 жылғы 12 қаңтардағы № 1 Нормативтік қаулысы
Жалған кәсіпкерлік туралы заңнаманы қолданудың
кейбір мәселелері жөнінде
(2016.07.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)**

Жалған кәсіпкерлік туралы қолданыстағы заңнаманы дұрыс және біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 1-тармақ жаңа редакцияда

1. Жалған кәсіпкерлік дегеніміз кінәлі адам кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 215-бабының диспозициясында көзделген құқыққа қарсы мақсаттарда бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтіретін жағдайда, жеке кәсіпкерлік субъектілерін құратын (иемденетін) және пайдаланатын, сол сияқты оларға басшылық жасайтын экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың түрі.

Бұл ретте, ҚК-нің 215-бабында көрсетілген мақсаттарды көздейтін әрекеттер деп тек тергелген және айыпталушыға (сотталушыға) нақты қылмыстық іс шеңберінде тағылған әрекеттерді ғана түсіну керек.

Объективтік себептер бойынша сотқа дейінгі тергеу сатысында қосымша және ұзақ тексеру талап етілетін жекелеген әрекеттер мен мән-жайлар бөлігінде қылмыстық іс Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі (бұдан әрі – ҚПК) 44-бабының тәртібінде жеке іс жүргізуге бөлінуі мүмкін.

ҚК-нің 216-бабына қатысты, мүліктік пайда алу мақсатында іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша жекелеген әрекеттерді жасаған кәсіпкерлік қызметті тұрақты жүзеге асыратын және жүйелі сипаттағы құқыққа қарсы мақсаттарды көздемейтін адамдарды жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызу керек. Жалған кәсіпорынды құрған (иемденген) және бұл ретте бірлі-жарым (бірнеше) жарамды мәмілелерді жасау жолымен ғана адал кәсіпкерлік қызметті имитациялаған адамның әрекеттері ҚК-нің 215-бабы бойынша саралауға жатады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 2-тармақ жаңа редакцияда

2. Жалған кәсіпкерлік кезінде қол сұғу объектісі болып салық салу, кредиттеу және өзге де заңды экономикалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастар табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 3-тармақ өзгертілді

3. Жалған кәсіпкерліктің объективтік жағы өзіне жеке кәсіпкерлік субъектісін құру және олардың шешімдерін айқындау құқығын беретін басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін, пайларын) иемденуді өзіне қамтиды.

Жеке кәсіпкерлік субъектісі мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылған болып есептеледі, ол заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне тиісті жазба енгізілгеннен кейін аяқталды деп танылады.

Жалған кәсіпкерлікті құрған әрекеттер мен ірі зиян келтіру түрінде туындаған салдар арасындағы себепті байланыстың бар болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының міндетті белгісі болып табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 4-тармақ өзгертілді

4. Жеке кәсіпкерлік субъектісін ойдан шығарылған тұлғаның атына тіркеу, заңды тұлғаның мекен-жайын дұрыс көрсетпеу өздігінен жалған кәсіпкерлікке тән белгілерсіз аталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрамайды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 5-тармақ өзгертілді

5. Кәсіпкерлік қызметпен айналысу ниетінің болмауы жалған кәсіпорын құрудың себебі болып табылады.

Әрбір нақты іс бойынша қылмыстық ізге түсу органдары күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда, айыптау актісінде, соттар үкімнің сипаттамалы-дәлелді бөлігінде тұлғаның жеке кәсіпкерлік субъект құрған кезде кәсіпкерлік қызметпен айналысу ниетінің болмағанын көрсететін дәлелдерді келтіруі тиіс.

Мұндай ниеттің болмағанының белгісі іскерлік айналымның әдеттеріне сәйкес қажетті және жеткілікті мерзімде құрылтай құжаттарынан туындайтын міндеттемелерді орындамау болып табылады. Соңғының критерийі ретінде салық кезеңі ішінде кәсіпкерлік қызметпен айналыспауын қарастыруға болады, ол салық кезеңі аяқталған соң салық салу объектісі, салық базасы айқындалып, салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы есептеледі.

Басқа да мән-жайларға тіркеуден кейін елеулі уақыттың өтуі, қажетті штаттың, мүліктің болмауы, құрылтайшылар туралы бұрмаланған мәліметтер енгізуі, банк шоттарын ашпауы жатады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. ж. № 5 нормативтік қаулысымен 6-тармақ толықтырылды

6. Жалған кәсіпкерліктің субъективтік жағы кінәнің қасақана нысанымен сипатталады. Тұлғаның жалған кәсіпорынды құру (иемдену) фактісіне қатысты оның әрекеттерінде тікелей ниет, ал зиян түріндегі салдарға - тікелей де, жанама да ниет болады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 7-тармақ жаңа редакцияда

7. Жалған кәсіпорын құрған кезде кінәлі адамның әуел бастан ҚК-нің 215-бабының диспозициясында көрсетілген мақсаттардың бірін (немесе бір мезгілде бірнешеуін) көздеуі жалған кәсіпкерліктің міндетті белгісі болып табылады.

8. Кредиттер алу, салық төлеуден босатылу, өзге де мүліктік пайда алу немесе тыйым салынған қызметті жасыру жалған кәсіпкерліктің мақсаттары бола алады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмау ниеті дәлелденбей кредит алуы жалған кәсіпкерлік емес, өзге қылмыстық әрекеттер жасағанын растауы мүмкін.

Жалған кәсіпкерлікпен айналысқан кезде жалған кәсіпорынның контрагенті салықтан заңсыз босатылады. Салықтарды азайту да олардан босатылу болып табылады.

Өзге мүліктік пайда алуы заң бұзушылықпен іске асырылады. Бұл жағдайда кәсіпкерлік қызметпен айналысу ниетінің болғанын куәландырмайтын, нысаны бойынша заңды, бірақ мақсаты және мазмұны бойынша жалған мәмілелердің жасалуы (ақша қаражаттарын қолма қол ақшаға айналдыру, делдалдық қызметтер және тағы сол сияқтылар) мүмкін.

Субъектілердің кім екеніне қарамастан, заңмен тыйым салынған әрекеттерді, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін лицензия алу талап етілетін кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жалған кәсіпкерлік жасыратын тыйым салынған қызмет деп түсіну керек.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 9-тармақ өзгертілді

9. Жалған кәсіпкерлік үшін қылмыстық жауапкершілік ірі зиян келтірілген кезде туындайды. Ірі зиян ұғымы ҚК-нің 3-бабында берілген.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 10-тармақ жаңа редакцияда

10. Жалған кәсіпкерлікпен ұласқан залал контрагент төлеуден жалтарған салық сомасы ретінде немесе контрагент заңсыз алған кредит, кіріс, мүліктік пайда сомасы ретінде айқындалады. Осыған байланысты төленбеген салықтар, заңсыз алынған кредит, кіріс, өзге де пайдалар түрінде жалған кәсіпорын контрагенті келтірген залал, сондай-ақ бұл контрагенттің басшысының (қатысушының) кінәсі осы қылмыстық іс бойынша процестік шешім қабылдана отырып дәлелденуге жатады немесе бұрын қабылданған және заңды күшіне енген әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулымен,

соттың айыптау үкімімен не қылмыстық істі ақтамайтын негіздер бойынша тоқтату туралы қаулымен белгіленуге тиіс.

ҚК-нің 215-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жалған кәсіпкердің, контрагенттің салықтар төлеуден жалтаруына дем берушілік әрекетін толық қамтитындықтан, оның бұл әрекеттері ҚК-нің 245-бабы бойынша қосымша саралауды талап етпейді.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 11-тармақ жаңа редакцияда

11. Егер адам тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) сатуды бухгалтерлік және салықтық есепте көрсетпей іс жүзінде жүзеге асырса, оның әрекеттері жалған кәсіпкерлік ретінде саралануға тиіс емес, өйткені бұл жағдайда қол сұғу объектісі болып бухгалтерлік есепке алудың және аталған бұзушылықтармен жүзеге асырылатын нақты кәсіпкерлік қызметке салық салудың белгіленген тәртібі болып табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 12-тармақ өзгертілді

12. «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексінде корпоративтік табыс салығын (бұдан әрі - КТС) салу объектілерінің бірі салық салынатын табыс деп белгіленген. Салық салынатын табыс жылдық жиынтық табыс пен шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалған. Жылдық жиынтық табыс салық төлеушінің табыстарының барлық түрлерін, соның ішінде өткізуден түскен табысты қамтиды.

Салық салынатын айналым ҚҚС қосымша құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) салудың объектілерінің бірі болып табылады, атап айтқанда, оған ҚҚС төлеушінің салық салынбайтын айналымынан басқа, Қазақстан Республикасында тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша жасаған айналымы жатады.

Сонымен, КТС және салу объектілерінің болуы кәсіпкерлік қызметті көздейді. Егер жалған кәсіпкерлікпен айналысқан кезде орын алатын бухгалтерлік және салықтық есеп ережелері бойынша есепке алынған тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу шын мәнінде жүзеге асырылмауы, салық салу объектілерінің болмағанын білдіреді.

Демек, жалған кәсіпорындарға салық есептелуі мүмкін емес, бұл жалған кәсіпкерлік нәтижесінде келтірілген зиянға салық сомаларының қосылуын болдырмайды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 13-тармақ жаңа редакцияда

13. Жалған кәсіпорынды құрған және/немесе шешімдерін айқындау құқығына ие адамдар, оның басшылары сияқты жалған кәсіпкерлікті бірге орындаушылар ретінде жауапты болады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 14-тармақ өзгертілді

14. Егер жалған кәсіпорын арнайы алаяқтық мақсаттарға пайдалану үшін құрылса, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар қол сұғушылықтың объектілері мен көздейтін мақсаттары бойынша ерекшеленетіндіктен кінәлінің әрекеттерін ҚК 190 және 215-

баптарының жиынтығы бойынша саралау керек.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 15-тармақ жаңа редакцияда

15. Жалған кәсіпкерлік кезінде жарамды мәмілелер, оның ішінде кредиттік мекемелермен жасалмайды, сондықтан адамның кредитті заңсыз алуы немесе алынған кредитті мақсатсыз пайдалануы ҚК-нің 215-бабы бойынша қосымша сараланбастан ҚК-нің 219-бабы бойынша ғана қудаланады. Егер жалған кәсіпкер контрагентке кредитті заңсыз алуға немесе мақсатсыз пайдалануға мүмкіндік беретін жалған келісім-шарт жасаса, онда жалған кәсіпкердің әрекеті ҚК-нің 215-бабы бойынша, ал оның контрагентінің әрекеті ҚК-нің 219-бабы бойынша саралауға жатады.

16. Салық кодексінің 12-бабы 1-тармағының 16) тармақшасында, жалған кәсіпорын - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылуы және (немесе) оған басшылық етілуі соттың заңды күшіне енген үкімімен не қаулысымен жалған кәсіпкерлік деп танылған жеке кәсіпкерлік субъектісі деген ұғым берілген.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 17-тармақ жаңа редакцияда

17. Соттарға жалған кәсіпкерлік экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа, атап айтқанда, салықтарды төлеуден жалтару, кредитті заңсыз алу, заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге де мүлікті заңдастыру және тағы басқа түрлерін жасаудың тәсілі болып табылатындығын ескеру қажет. Демек, жалған кәсіпорындардың қызметтерін пайдаланатын адамдар осы қоғамдық қауіпті әрекеттің бенефициарлары болып табылады. Сондықтан қылмыстық істі қарау барысында істің мән-жайларын жан-жақтылы, толық және объективті зерттеу туралы ҚПК-нің 24-бабының талаптарын ескере отырып, контрагенттер басшыларының (қатысушылардың) жалған кәсіпкерлікпен ұласқан құқық бұзушылық жасауға қатысуының нақты дәлелдемелері болуы тиіс.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 18-тармақ өзгертілді

18. «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 1-тармағына сәйкес, нормативтік құқықтық актінің күші оны күшіне енгізгенге дейін пайда болған қатынастарға қолданылмайды.

2001 жылғы 12 маусымдағы Салық кодексінің 104-бабының 1-1) тармақшасы және 237-бабының 1-тармағы 5) тармақшасы 2007 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген.

Демек, салық органы аталған мерзімнен басталатын салық кезеңдері үшін КТС салынатын табысты анықтаған кезде шығыстардан шегерімдер және кірістерден ҚҚС сомаларын алып тастауды осы нормалармен негіздеуге құқылы.

2009 жылғы 1 қаңтардан басталатын салықтық кезеңдерге Салық кодексінің 115-бабының 2) тармақшасы және 257-бабы 3-тармағының 1) тармақшасы қолданылуы тиіс.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 19-тармақ өзгертілді

19. 2007 жылғы 1 қаңтарға дейінгі салықтық кезеңдерге қатысты Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 76-бабының үшінші бөлігіне сәйкес ҚК-нің 215-бабы бойынша қылмыстық іс жөнінде заңды күшіне енген сот үкімімен анықталған фактілердің преюдициялығын негізге алу керек. Егер үкіммен жалған кәсіпорын шын мәнінде осы контрагентпен мәмілелер жасамағаны анықталса, оның осы мәмілелер бойынша шығыстарына шегерімдер және кірістеріне ҚҚС сомаларын есептеу 2001 жылғы 12 маусымдағы Салық кодексінің 92-бабы 2-тармағының және 235-бабы 1-тармағының негізінде негізсіз болып табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 20-тармақ өзгертілді

20. Заңды күшіне енген сот үкімімен өзгедей белгіленгендіктен, шығыстардан шегерімдер және кірістерден ҚҚС сомаларын алып тастаудың заңдылығы туралы істер бойынша мәмілелердің шын мәнінде жасалғаны жөнінде жалған кәсіпорынның контрагенті ұсынған дәлелдер рас деп таныла алмайды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 21-тармақ өзгертілді

21. Қылмыстық ізге түсу органының ҚК-нің 215-бабы бойынша қылмыстық істі ақтамайтын негіздермен қысқарту туралы қаулылары тұлғаның жалған кәсіпкерлікпен айналысқанын анықтайды. Сондықтан оның жалған кәсіпкерлікпен айналысу мақсатында құрған жеке кәсіпкерлік субъектісі мен осы қаулыларда көрсетілген контрагенттердің арасында жасасылған мәмілелер жалған болып табылады.

22. Салық кодексінің 610-бабының 1-тармағына сәйкес, мерзімде төленбеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларына өсімпұл есептеледі. Жалған кәсіпорындардың контрагенттерінің КТС пен ҚҚС есептеу және төлеу жөніндегі салық міндеттемелері салық органдары олардың шығыстарынан шегерімдер және кірістерінен ҚҚС сомаларын алып тастаған салық кезеңдерінің нәтижелері бойынша

туындайды. Демек, мерзімінде төленбеген салықтардың сомасына өсімпұл есептеу заңды болып табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 23-тармақ өзгертілді

23. Жалған кәсіпорындардың салық берешегі болмайтындықтан, мұндай жеке кәсіпкерлік субъектілер салық органдарының арызы бойынша банкроттықтың негізінде таратылмайды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.07.07. № 5 нормативтік қаулысымен 24-тармақ жаңа редакцияда

24. Жалған кәсіпорын адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз құрылуына байланысты, бұл жеке кәсіпкерлік субъектісінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі соттың шешімі бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

25. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

Қ. Мәми

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Ж. Бәйішев

**Нормативное постановление Верховного Суда
Республики Казахстан от 12 января 2009 года № 1
О некоторых вопросах применения законодательства
о лжепредпринимательстве**

(с изменениями и дополнениями по состоянию на 7.07.2016 г.)

В целях правильного и единообразного применения действующего законодательства о лжепредпринимательстве пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан

постановляет:

Пункт 1 изложен в редакции нормативного постановления Верховного Суда РК от 7.07.2016 г. № 5

1. Лжепредпринимательство – вид уголовного правонарушения в сфере экономической деятельности, при котором виновное лицо создает (приобретает) и использует субъекты частного предпринимательства, а равно руководит ими, без намерения осуществлять предпринимательскую деятельность, в противоправных целях, предусмотренных диспозицией статьи 215 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК), при условии, что эти деяния причинили крупный ущерб гражданину, организации или государству.

При этом под действиями, преследовавшими цели, предусмотренные статьей 215 УК, следует понимать лишь те действия, которые расследованы и инкриминированы обвиняемому (подсудимому) в рамках конкретного уголовного дела.

Уголовное дело в части отдельных действий и обстоятельств, по которым по объективным причинам требуется дополнительная и длительная проверка на стадии досудебного расследования, может быть выделено в отдельное производство в порядке статьи 44 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК).

